

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

Қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша

4 курс студенті

Сералиева Альфияның

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Абай жолындағы фразеологизмдердің қолданылуы

Ғылыми жетекші: доц. Ш. Кудьярова

Кафедра меңгерушісі: доц. Ш. Кудьярова

Нөкіс – 2012

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының
2012-жыл « » майдағы № протоколымен қорғауға ұсынылды.

Филология факультеті деканы:	доц. Г.Курбаниязов
Кафедра меңгерушісі:	доц. Ш.Кудьярова
Ғылыми жетекші:	доц. Ш.Кудьярова

Сералиева Альфияның «Абай жолындағы фразеологизмдердің
қолданылуы» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік
аттестация комиссиясы қарарымен «_____» балл (« _____» %) қойылды.

«_____»_____ 2012-жыл

МАК хаткері: Г.Шарибаева

Автордың аннотациясы

Кіріспе

I ТАРАУ

«Абай жолы» романында фразеологизм түрлерінің қолданылуы

II ТАРАУ

«Абай жолы» романында ұйытқы және сандық фразеологизмдерді қолданудағы стилистикалық тәсілдер

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың көкейтестілігі. Фразеологизмдер мәселесі тіл білімінде әлі де шешілуі тиіс проблемалары көп тарау. Фразеологизмдер тіліміздегі тұрақты сөз тіркестері. Абай жолы романында фразеологизмдердің түрлері, ұйытқы және сандық фразеологизмдердің қолданылуы өте көп кездеседі. Романдағы осы фразеологизмдердің түрлері мен ұйытқы, сандық фразеологизмдерді жинақтап жүйелеу, олардың қолданылуындағы стилистикалық тәсілдер тақырыптың жаңалығы болып есептеледі.

Жұмыстың мақсаты: Абай жолы романында фразеологизмдердің түрлері, ұйытқы және сан есімдердің қолданылу аясы, қолданылуындағы стилистикалық тәсілдерді зерттеу барысында мына мәселелер қарастырылды.

- Фразеологизмдердің түркі тілдерінде зерттелуі жайлы
- Тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерінің қолданылуы
- Фразеологизмдердің еркін сөз тіркестерінен өзгешелігі
- Фразеологизм түрлерінің тіл біліміндегі қолданылу орны
- Фразеологизм түрлерінен фразеологиялық бірлік, тізбек, тұтастықтың қолданылу аясы
- Ұйытқы фразеологизмдердің романдағы қолданылу аясы
- Сандық фразеологизмдердің қолданылуына мысалдар негізінде талдау
- Фразеологизмдерді қолданудың стилистикалық тәсілдері

Зерттеу объекті: Зерттеу объекті етіп алынған мәселемізді шешуде І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», Ә.Болғанбаев, М.Белбаева, Ғ.Қалиұлы, Р.Авакова, Г. Рысбаева т.б. ғалымдардың еңбектерінен пайдаланылды. Фразеологизмдердің түрлері мен ұйытқы сөздер, сан есімдерден жасалған фразеологизмдердің қолдануы зерттеу

жұмысымыздың объекті болды. Теориялық зерттеулерден де ретімен пайдаланып отырдық.

Зерттеу әдісі: Бұл тақырыпта негізінен түсіндіру, салыстырмалы, тіл фактілеріне бақылау жүргізу т.б. лингвистикада қолданылып жүрген әдістерден пайдаланылды.

Зерттеудің практикалық маңызы: Бұл жұмыстан қазақ тілінің лексикология және фразеология саласына қатысты еңбектер жазуда, фразеологиялық сөздіктер түзуде пайдалануға болады.

Сондай-ақ, көркем мәтінді лингвистикалық талдау, сөйлеу мәдениеті, стилистика, көркем шығарманың анализі, мәнерлеп оқу пәндерін өтуде де пайдалануға көмегін тигізеді.

Жұмыстың құрылысы: Жұмысымыз кіріспе, екі тарау, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі 55 бет.

Кіріспеде зерттеліп отырған жұмысымыздың мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі, фразеологизмдердің тіл біліміндегі орны, олардың қолданылу аясы жайлы кең сөз етілді.

Бірінші тарауда Абай жолы романындағы фразеологизмнің түрлерінен қайсысының қолданылу аясы кең екендігіне мысалдар негізінде талдау жасалды.

Екінші тарауда Абай жолы романындағы ұйытқы фразеологизмдерден бас, көз, тіл т.б., сандық фразеологизмдерден бір, үш, жеті, қырық т.б. фразеологизмдер мысалдармен көрсетіліп, анализ жасалды. Фразеологизмдердің қолданылуындағы стилистикалық тәсілдері мысалдар негізінде көрсетіліп берілді.

Қорытындыда зерттеуіміздің нәтижелерінен толық тұжырым жасалды. Тақырыпқа байланысты өз ұсыныс, пікірлерімізді білдірдік.

Ғылыми жетекші:

доц. Ш.Кудьярова

Студент:

А. Сералиева

КІРІСПЕ

Президентіміз И.А.Каримов «Туркистон умумий уйимиз» деген еңбегінде «Дүние ғылымы мен мәдениетінде кибернетика негіздерін жаратқан Хорезмиді, биік философтар бабамыз Фарабиді, табиғат заңдарының теңсіз жаратушысы Ибн Синоны, Шығыс жұлдыздарымыз Навои мен Абайды, Әмір Темір мен Бабур, Төле би, Қазыбек би, Айтеке би секілді ұлы тұлғаларды Беруни, Имам Бухари, Бахауаддин Нақшбанди, Бұхар жырау, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уалиханов сияқты ұламаларды берген муқаддес халықтардың жаратушылық қабілеті барлық уақыт ояу болады»¹ - деген сөздері түркі тектес халықтардың ата-бабаларына берілген үлкен баға.

Осындай ата-бабалары болған біздердің келешегіміз болған жастар да солардан үлгі алып, солар көтерілген биіктерге шығатынына сеніміміз мол.

Фразеология терминінің мағынасы өте кең. Фразеология термині кең мағынада алғанда, белгілі бір тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрлерінің жиынтығы деген ұғымды білдіреді.

Тілімізде қолданылатын жеке сөздермен бірге көптеген ерекше қалыптасқан сөз тіркестері және сөйлемшелер бар. Ол сөз тіркестерінің екі не одан да көп компоненттері болады, бірақ сөз тіркестері семантикалық бірлікте болып, тұтас бір ұғымды білдіреді. Мысалы: Көз бояу, жүрегінің түгі бар, қу бастан қуырдақтың ет алған т.б. Мұндай тұрақты сөз тіркестерінің мағынасы ғасырлар бойы қалыптасып, ел аузында көп айтылып жалпы халыққа түсінікті болып кеткен.

Мағынасы жалпыға белгілі, грамматикалық байланысы жағынан бір бүтін бірлік болып, қолданылуы дәстүрге айналған тұрақты сөз тіркестерін тіл білімінде фразеологиялық орам немесе фразеологизмдер деп атайды.

¹ И.А.Каримов. Туркистон умумий уйимиз. Тошкент 1995. 25 б

Фразеологизмдерге идиома, фраза, мақал-мәтелдер жатады.

Фразеология – соңғы жылдары дамып, қалыптаса бастаған жаңа лингвистикалық пән. Фразеология өз алдына бөлек лингвистикалық пән ретінде тіліміздегі фразеологизмдерді құрылысына, мағыналық ерекшелігіне қарай жіктеп топтастырады және тұрақты сөз тіркестерінің құрамын анықтап, оның жасалу жолдарын, даму заңдылықтарын зерттейді.

Тұрақты сөз тіркестерінің мәселелері қазіргі таңда тіл ғылымында актуальды проблемалардың бірі есебінде зерттеліп жүр. Өйткені, фразеология – тіл мәдениетін арттырып, шеберлікке үйрететін сөз өнерінің асылы. Сонымен бірге ол бір тілден екінші бір тілге аудару техникасын жетілдіреді, социальдық дәуірде жаңа фразеологизмдердің қалыптасуы мен баю жолын аңғартады.

Лингвистикалық пәндер сөйлемдерді дұрыс құрап, қалай жазуды, тыныс белгілерін дұрыс білуді үйретеді. Ал, тілдік тәсілдерді өткір нақтылы, дәл және мәнерлі қолдану жолын тіл мәдениетін арттыру сияқты мәселелер стилистиканың үлесіне тиеді.

Фразеология деген термин негізінен екі түрлі мағынада қолданылады.

Бірінші – мағынасы тілдегі тұрақты тіркестерді тексеретін тіл білімінің саласы.

Екіншісі – бір тілдегі фразеологизмдер байлығының тұтас жиынтығы дегенді білдіреді.

Осы фразеология проблемаларын ашуда академик І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі»² деген еңбегі бүкіл тюркологияға қосылған елеулі үлес болды.

Ә.Болғанбаев «Қазақ тілінің лексикологиясы», М.Белбаеваның «Қазақ тілінің лексикологиясы» деген еңбектерінде³ де фразеологизмдердің

² Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977

³ Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. –Алматы. Мектеп, 1988; Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. –Алматы. Мектеп, 1976

бірқыдыру мәселелері сөз болады.

Қазіргі қазақ тілінің фразеологизмдері фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек болып жіктеледі.

Тілдегі фразеологизмдердің жасалуына сан түрлі құбылыстар, ұғымдар, түсініктер себеп болған олар мыналар:

1. Көптеген фразеологизмдердің жасалуына адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы бейнесі негіз болған. Мысалы «Жауыр болды» деген тұрақты тіркестен біз көп мінілген арқасы жауыр болған атты түсінеміз.

2. Бірқыдыру фразеологизмдер уақыт, мөлшерді білдіреді, мысалы күн шыға, тападай тал түс т.б.

3. Бірсыпыра фразеологизмдер діни ұғымдар мен ескі әдет-ғұрыптарға байланысты жасалған. Мысалы: ант су ішті, діни қатты.

4. Кейбір тұрақты тіркестердің жасалуына аңыздар мен түрлі ұғымдар, өткен тарихи оқиғалар негіз болған. Мысалы: Қайда барсаң қорқыттың көрі, Есімханның ескі жолы т.б.

Тілдегі фразеологизмдердің бәрінде о баста конкретті тура мағынасы болған. Профессор Ғ.Мұсабаевтың пікірінше осы күнгі «жүрек жұтқан, қан ішер» т.б. деген фразеологизмдердің бәрі де о баста тура мағынада қолданылған⁴. Бұлар талай заманның белгісін сақтап, кейіннен басқа мағынаға ауысып кеткендігін айтады. Фразеологиялық мағынаның түп-төркіні лексикалық мағынамен іштей өзектесіп жатады.

Қазақ тіл білімінде, тюркологияда фразеологияның жалпы проблемалары бұл күнге дейін түбегейлі зерттеліп, өзінің тиянақты шешімін тапқан жоқ. Басқаша айтқанда сан алуан фразеологиялық тізбектер дербес зерттеу объектісі болудан гөрі, ілгері-кейінді жазылған сөздіктерде, мақалаларда, иллюстрация материалы дәрежесінде ғана қолданылып келді.

⁴ Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. –Алматы. Мектеп, 1988. 23-бет

Тіпті жалпы тюркологияда елеулі орын алатын бұрынғы сөздіктерде де идиомдық және басқа тұрақты сөз тіркестері тым сирек кездеседі. Тек соңғы кездерде ғана қайсібір түркі тілдерінде осы салада еңбектер туа бастады.

Фразеология – тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі, өзінің көнелену жағынан да, тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стиль жағынан да оларға тән ерекшеліктер бар.

Фразеологизмдер – қазақ әдеби тілінің айшықты да, мәнерлі де бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелілік, әсерлілік, экспрессивті – эмоциялық қасиетімен көзге түседі. Осындай көркем, пәрменді, бояуы қанық алуан түрлі тұрақты тіркестерді халық орынды пайдаланып ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді.

Фразеологизмдер бұрынғы соңғы еңбектерде, көбіне лексика тұрғысынан зерттеліп келгенін білеміз. Тіпті зерттеушілер қыркыншы жылдарға дейін фразеологизмдерді тілдің теориялық объектісі етіп алған емес, кейінгі жылдар ішінде түркі тілдерінде фразеологизм проблемалары жан-жақты тексеріліп ғылыми жұртшылықтың талқысына түсуде.

Фразеологияның теориялық, практикалық мәселелерін зерттеуді бұл күндері тілшілер қауымы мықтап қолға алып отыр. Бұл салада әсіресе ең алғаш Москва, Ленинград ғалымдары елеулі де нәтижелі табыстарға жетті десек, артық емес. Түркі тілді республикалардағы лингвист ғалымдардың фразеология пәнін өрістетудегі талабының өзі бір төбе.

Қырғыз тілінің лексикасын зерттеу ісі белгілі ғалым К.К. Юдахин еңбектері арқылы көзге шалынады. Сол секілді, өзбек ғалымы Ш.Рахматуллаев, түркмен ғалымы К.Бабаев, татар ғалымдары Г.Х. Ахатов, Г. Ахунжанов. Азербайжан тілі бойынша Г.А. Байрамов, түрк тілі бойынша Р.Р. Юсипова жариялаған еңбектердің құндылығын да арнайы атаған мақұл.

Фразеологияның жалпы теориясына қатысты М.Т. Тагиев, С.Н. Муратов ізденістері де ғылымға соны пікір, тың топшылаулар әкелді.

Башқұрт тілі фразеологизмдерін Дж. Ғ. Киекбаев, Х.Т. Юсупов т.б. зерттеді. Әсіресе, З.Г. Ураксиннің 1975 жылы орыс тілінде жарық көрген «Башқұрт тілінің фразеологиясы» атты кітабы өзге түркі тілдері үшін де пайдасы мол еңбек.

Өзге мәселелерге байланысты фразеология тарауынан пайдалы пікір айтушылар тобына Ә.Наджип, М.Балақаев, А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаев, Қ.Сағындықов, С.Талжанов сияқты ғалымдар жатады. Тұрақты тіркес категориясын тікелей зерттеп, құнды еңбек шығарып жүрген шәкірттер бар.

Бұл ретте ең алдымен Ә.Қайдаров, сонан соң Қ.Өмірәлиев, Е.Жұбанов, Ө.Айтбаев, Р.Сәрсенбаев, Ә.Ибатов және С.Төлекова, К.Дүйсентаева т.б. зерттеушілердің есімдерін арнайы атағанмыз мақұл.

Фразеологизмдер мен олардың ішкі формасының арасындағы тығыз байланыс олардың мотивтерін ашуға жасалынған талдаулардан дәлелін табады. Осы мәселе жөнінде жан-жақты ғылыми классификация жасаған ғалымдар Ә.Т. Қайдар (1999), З.Г. Уроксин (1975), Ш.Рахматуллаев (1966), Ю.А. Гвоздарев (1977: 75-76), Е.М. Верещагин және В.Г. Костомаров (1982: 92-95), В.П. Жуков (1986: 99-100), В.М. Мокиенко (1982: 117-118) және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазіргі кезде фразеологизм мәселесімен айналысып жүрген ғалымдардың бірі Раушангул Авакова. Оның «Фразеологиялық семантика» еңбегі тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын жан-жақты зерттеуге арналған⁵. Бұдан басқа да қазіргі күнде де көптеген еңбектер жазылды.⁶

⁵ Авакова Р. Фразеологиялық семантика. Алматы. 2002.

⁶ Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік танымдық құрылымдар. Бейтелиева Ж. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі. Жалақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері

Ал, Абай жолы романындағы фразеологизмдерді зерттеу мәселесі әлі толық зерттеле қойған жоқ. Бұл бойынша ғылыми мақалалар бар болғанымен, өз алдына арнайы кандидаттық зерттеу жұмысы жазылмаған.

Бітіру мамандық жұмысымда тіліміздегі тұрақты сөз тіркестердің Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы романында» қолдану аясына мысалдар негізінде анализ жасап шықтым.

Кіріспеде зерттеліп отырған жұмысымыздың мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі, фразеологизмдердің тіл біліміндегі орны, олардың зерттелуі мен қолданылу аясы жайлы кең сөз етілді. Түркі халықтарында фразеологизмдердің зерттеу мәселесімен шұғылданған ғалымдардың сүбелі еңбектері сөз етіледі. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің зерттелу мәселесі де көрсетіледі.

Бірінші тарауда Абай жолы романындағы фразеологизмнің түрлерінен қайсысының қолданылу аясы кең екендігіне мысалдар негізінде талдау жасалады.

Фразеологиялық сөз тіркестері деп әбден қалыптасып нық орныққан, өзгертуге келмейтін, тұрақты сөз тіркестерін айтамыз.

Фразеологиялық тұтастықтар деп бөлініп ажыратылмайтын, беретін мағынасы жағынан құрамындағы сыңарлардың мағынасынан мүлдем тұйық тіркестерді айтамыз.

Фразеологиялық бірліктер деп мағынасы жағынан ажыратылмай, сөз тіркесінің бүтіндей мағынасы мен лексикалық сыңарлардың мағыналарының бірігіп тұтасуынан туатын тұрақты фразеологиялық тіркестерді айтамыз.

Сол себептен бұл тізбектерді құрап тұрған жеке элементтердің мағынасы осы тұрған қалпында дербес референттік мағына бола алмайды. Сондықтан екі немесе бірнеше сөздің түйісіп келіп фразеологиялық түйдек

болуы үшін, ол компоненттердің өзара байланысынан туатын мағынадан мүлдем бөлек.

Фразалық тіркестер деп мағынасы жағынан құрамындағы сөздердің мағынасымен байланысып жататын, тіркесі тұрғысынан орнығып тұйықталған сөз тіркесін айтамыз. Сөйтіп фразеологиялық түйдек пен фразеологиялық тіркестің өзара айырмасы бұл екеуінің құрамындағы компоненттердің дара қолданылған айрылу, айрылмау дәрежесінен көрінеді.

Осы фразеологизм түрлерінің ішінде фразеологиялық бірлік пен тізбектердің көп кездесетіні мысалдармен беріледі.

Екінші тарауда фразеологизмдердің ішіндегі кейбір сөздер семантикалық жағынан ерекше байқалып, түп қазық есебінде қызмет атқаратын ұйытқы сөздер жайлы айтылады. Оған мысалы: тіл, жүрек, көз, ауыз, қол, бас, қара, тас, ат, сандықтардан жеті, үш, тоғыз, қырық сандары жатады.

Абай жолы романындағы ұйытқы фразеологизмдерден бас, көз, тіл, жүрек т.б., сандық фразеологизмдерден бір, үш, жеті, қырық т.б. фразеологизмдер мысалдармен көрсетіліп, анализ жасалады.

Ұйытқы және сандық фразеологизмдердің қолданылуындағы стилистикалық тәсілдері мысалдар негізінде көрсетіліп беріледі.

Фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипат, ұлттық ажар беретін стильдік мәні айрықша құрал болып саналады. Тұрақты сөз тіркестері, қанатты сөз, мақал-мәтелдер, идиомдар аз сөзбен көп мағынаны білдіреді, тілдің стильдік сапасын арттырады.

Стильдерде фразеологизмдердің қолданылу тәсілі бірдей емес. Стильдің бір түрінде тұрақты сөз тіркестері жалпы халықтың формада пайдаланылса, ол екінші бір түрінде олар кейбір өзгеріспен жаңа

экспрессивті стильдік сипатта қолданылады. Мәселен: сөйлеу тілінде көбінесе жалпы халықтың формы өзгертілмей сақталады.

Көркем шығарма мен публицистикадан фразеологизмдерді қолданудың екі тәсілін де кездестіруге болатындығы мысалдар негізінде көрсетуді мақсат еттік.

Фразеологизмдер тек жалпы халықтық формада ғана қолданылмайды, бұл тәсіл – көбінесе ақын-жазушыларға тән, жалпы халықтық формадағы тұрақты сөз тіркесін өзгертіп қолдану арқылы жаңа мағына беріледі. Олар көбінесе ауыс мағынада жұмсалып, тілімізде бейнелегіш, мәнерлілік қызмет атқаратыны белгілі. Бірақ стилистикалық тәсіл ретінде тұрақты сөз тіркестері тура мағынада да қолданылады.

Тұрақты сөз тіркесінің құрылысы жағынан өзгеріске ұшырауы - әсіресе өлеңді сөзге тән құбылыс. Әр жазушының өзіндік стилінің қалыптасуына негіз болатынын фразеологизмдерді қолдану тәсілімен айқын көреміз.

Бұрыннан белгілі көптеген тұрақты сөз тіркестерінің түрлі өзгеріске ұшырап, стильдік сапасының артқанын сипаттайтын мысалдарға осы тарауда анализ жасауды мақсат еттік.

Қорытындыда зерттеуіміздің нәтижелерінен толық тұжырым жасалды. Тақырыпқа байланысты өз ұсыныс, пікірлерімізді білдірдік.

Абай жолы романындағы фразеологизмдердің қолданылуын зерттеу мәселесі әлі де жалғаса бермек. Себебі, қазақ тіл білімінде бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

I-ТАРАУ

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМ ТҮРЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Фразеология – лексикологияның арнаулы бір саласы бола отырып, тұрақты сөз тіркестерінің түрлерін, олардың құрамы мен құрылысын және жасалу жолдарын зерттейді.

Тіл – тілдегі сөздер өзара бір-бірімен тіркесіп қолданылады да, олардан сөз тіркестері жасалады. Тілдегі сөз тіркестерінің екі түрі болады: Оның бірі – еркін тіркес те, екіншісі – тұрақты фразеологиялық тіркес.

Еркін тіркес. Сөздердің еркін тіркесінде сөздер ыңғайына қарай әр түрлі сөздермен тіркесе береді. Мысалы: Жақсы деген сөз (жақсы) қыз, (жақсы) бала, (жақсы) жігіт сөздерімен еркін тіркесіп тұр.

Еркін тіркестің құрамындағы бір сөздің орнына сәйкес келетін басқа сөздерді қолданып айтуға болады. Ал тұрақты фразеологиялық тіркестерде сөздер бұлай кез келген сөздермен тіркесе бермей, тек белгілі бір сөздермен тіркесіп айтылып, әбден қалыптасып, тұрақты сөз тіркесі болып келеді. Мысалы: Қой аузынан шөп алмас (момын) деген тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер сол тіркестің ішіндегі сөздермен тіркесіп барып қана тұрақты фразеологиялық сөз тіркесін жасап тұр.

Егер ондағы бір сөздің орнын ауыстырып, қойдың орнына ешкі сөзін қойып, ешкі аузынан шөп алмас деп қолданса, онда тұрақты тіркес бұзылып, фразеологиялық тіркес болудан қалады.

Тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің орны еркін тіркестің құрамындағы сөздердің орнына қарағанда, әлдеқайда тұрақты, бекем болады. Олардың құрамындағы сөздер бірінен-бірі ажырамай, сол қалпында қолданылады.

Фразеологиялық сөз тіркестері деп әбден қалыптасып нық орныққан, өзгертуге келмейтін, тұрақты сөз тіркестерін айтамыз.

Фразеологиялық тұтастықтар деп бөлініп ажыратылмайтын, беретін мағынасы жағынан құрамындағы сыңарлардың мағынасынан мүлдем тұйық тіркестерді айтамыз. Мысалы: Үріп ауызға салғандай деген тұрақты тіркестегі сыңарлар (үріп, ауыз, салған) жеке лексикалық мағыналарынан айрылып, барлығы тұтасып келіп, лексикалық мағыналарынан алшақтап, мүлдем басқа сүйкімді деген мағынаны білдіріп тұр.

Немесе: ала жібін аттамау, мұртын балта шаппау тұрақты тұтасқан фразеологиялық тіркестердің қай-қайсысын алсақ та мағынасы өзін құрастырушы сыңарлардың ешбірінің мағынасымен байланыспаған.

Әңгіме ала, жіп, аттамау туралы болып тұрған жоқ. Бүтіндей тіркес мүлдем басқа мағынаны (ұрлық-қарлық жасамау) білдіріп тұр.

Абай жолы романындағы кездесетін фразеологиялық тұтастыққа мысалдар:

1. Тақ иек артпадан өкпе тұстан жүргіншіге жауды қоян-қолтық құшақтастыра түсіретін ұры сай жасырын жыралары да бар (4-бет).

Иек артпадан – дөң биік жер; *өкпе тұстан* – қаптал жоқ; *қоян-қолтық* – өте тығыз, мидай араласты.

2. Кімге сенеміз? *Иық сүйесіп* күн көрейік деп, Құтжанға құран оқи келгенде Қодар Жәмпейіске зарын шақты, да қолына ұстап қалды (28-бет).

Иық сүйесіп – бір-біріне көмек берді.

3. *Құлазыған қу өмірде* тірек не? (29-бет).

Құлазыған қу өмір – жалғызсырап.

4. Ендеше ортамыздағы ең әлсіз, ең пұшайман бір ғарыпты қайда тастап отырмыз? *Ит жеміге тастап* отырғамыз жоқ па? (169-бет).

Ит жеміге тастап – қараусыз қалдырды, қорлады, азапқа салды.

5. *Сыныққа сылтау* таба алмай отырған Құнанбай ғой (171-бет).

Сыныққа сылтау – келіспеуге, бөлінуге

6. Әншейінде қаншалық қиян-кескі араз боп жүрсе де *«Торқалы той топырақты өлім»* дегенге келгенде араздық ұмтыла тұратын (174-бет).

«Торқалы той топырақты өлім» – рулы ел болып ұрандасып, баталасып сол қуаныш пен қайғыны бірге атқару салтын білдіреді.

7. Бұл *қоңдарыңды түріп қойып сорлатам* деп серт берген (201-бет).

Қоңдарыңды түріп қойып сорлатам - арқанды ұрып қалып сорлатам

8. Ана жақ: *«Құнанбайдың тауы шағылды, тауаны қайтты»* деп масайрап, жамырасып жатыр (206-бет).

Тауы шағылды, тауаны қайтты – сағын сындырып, бетін қайтарды, үміт-тілегі кесілді.

9. Осымен қатар: *«Құнанбайды елге қайтпаймыз, айдатамыз, үстінен арызды айдап су түбіне бір жолата кетіреміз. Бөжей кегін аламыз өлі аруақ қарғысын мұның басына жеткіземіз»* деген ызғар қайрат та күшті (209-бет).

Су түбіне бір жолата кетіреміз – келмеске кетірді, құртты жойды.

10. Балаларым мен келіндерім сендер де төбеңмен жүр. *Отымен кір, күлімен шық* қонағының! Ердің сыны шабуыл мен шаптығуда емес – кішіпейіл мейірде деп Зере сөйледі. (254-бет).

Отымен кір, күлімен шық – бар үй бейнетін, түз бейнетін арқалады, барлық ауыр салмақты көтерді.

11. Дүниеге *гүлі солған, шырағы сөнген* тұлдырдай қарап жүдеді (278 б).

Гүлі солған, шырағы сөнген – өлген адам.

12. Бірақ әрқашан: *«Ұшқан шыбын, жоғалаған қоңыз жоқ* қайтып келеді» (329-бет).

Ұшқан шыбын, жоғалаған қоңыз жоқ – қыбыр еткен жан жоқ.

13. Қандай айламен *қан құстырсам* деп, соны ойлап отыр (332-бет).

Қан құстырсам – ауыр дертке шалдықты.

14. Баяғы дағдыға салып шауып алайын десе, мынадай аш-арық боп, суық тартып жүрген ел ішінен *өрт шығарып алам ба* деп қорықты (332-бет).

Өрт шығару – ұрыстырып алу.

15. Құдай бұйрығы қалың елді *қан қақсатып* қойды (334-бет).

Қан қақсату – зар жылатты.

16. Құнанбай Базаралымен көп салғыласуды енді өз бойына мін көрсе бастан, *түсін суыққа салды* (334-бет).

Түсін суыққа салу – ренішті, зәрлі бет.

17. Өзге Құнанбай атаулының бұл сағаттардағы *«сағым-сынды, бағыма нұсқан келді»* деген беймаза, байбаламын Абай түсінсе де өз бойына дарытпаған (2 т, 41-бет).

Сағым-сынды, бағыма нұсқан келді – беті қайтты, көңілі қайт болды

18. Қыстауға қонған күннің ертеңінде, кешке жақын қатты ыңқылдап *мұрттай ұшты* (84-бет).

Мұрттай ұшты – кенет сылқ жығылды.

19. Шешесі мен әйелі Исаның сөзінен шошып *зар қақты* (85-бет).

Зар қақты – зар жылады.

20. Шолпанның бауырында күнұзын Тәкежанның баласы мен жылқышылары мал үшін қырқысқан күні, сол Шолпаннан *тай шаптырым жерде*, Ақшоқыда, Абайдың іні-достары Лермонтовқа айрықша шұғылданып жатқанды (85-бет).

Тай шаптырым жерде – тай-құнан ендікпей келетін қашықтық (халықтық өлшем)

21. Қостағы жылқыға кісі жіберіп, ат ауыстырам деп осында оралып ем, жүргелі отырмын! Абай жақтырмай *ернін шүйірді* (91-бет).

Ернін шүйірді – жақтырмады, менсінбеді

22. Сен осы *сайда саны, құмда ізі жоқ* қайдағы бір құнсыздарды «ел жұрт», көп дегенді қашан қоясың? (92-бет).

Сайда саны, құмда ізі жоқ – үшті-күйді жоқ, дерексіз.

23. Менің зәулім Базаралы болды, арандатты! Енді ағайын тым құрыса жауаптан қашпасын! Олар жалтаратын болса менің басым мүлдем *су түбіне кетеді* (95-бет).

Су түбіне кетеді – келмеске кетіреді.

24. Өзім еткенім рас, өзім көтерімін «жылға-жылғаны сағалап, Базаралы бәлесінен аулақпын» деп жатқан *өңшең алаяқ* өзге емес, қасымдағы Жігітек өзіңнен де табылады (95-бет).

Өңшең алаяқ – сұм.

25. Жігітек түгелімен *қанды мойын* жауапкер аталды (102-бет).

Қанды мойын – қылмысты.

26. Қош келіпсің, Әбішжан! – деген, сан тілеулес жүректерден шыққан *ыстық сөздер*, Әбіш үйге кіргенше барлық жиын атаулының тұла бойын шымырлатқандай (107-бет).

Ыстық сөздер – көңіл жалыны шарпуымен туған сөз.

27. Қалайсың, бізді тастап еріңнің артынан сапар шеккелі жатырсың-ау! Көпті көрдің ғой, айта кетсеңші, өлген деген қандай болады екен? – депті. Сонда Ұлжан сәл *езу тартып*, ақырын ғана әзіл айтыпты (112-бет).

Езу тартып – сәл ғана жымыды.

28. Бармаймын, Базаралы кім? Құдайсымай өзі келсін, *әуселесін көремін* деді (125-бет).

Әуселесін көремін – шама-шарқын байқап көрейік.

29. Жуас жігіт Сәлмен өздігімен *дедек қағып*, таңырқап та, қорқып та келеді (125-бет).

Дедек қағып – зыр жүгірді.

30. Шеш! Сыпыр шапаны мен көйлегін! Жалаңашта бөксесін деп Базаралы тіп-тік қаздыып ап, *қанын ішіне тартқан* кәрлі жүзбен жауланып отыр (125-бет).

Қанын ішіне тартқан – қатты ызасы келді.

31. Осыған жеткенде, жаман шошыған Далбай мен Дүйсен Базаралыға жалынып *безек қақты* (125-бет).

Безек қақты – тыным таппады.

32. Екі бүлік те осы анттарын айтып, құранды сүйіп *ант-суды ішті* де, бас амандады (126-бет).

Ант-суды ішті – уәдесін берді.

33. Өткен қыста осы Мыңжасар тағы бір жазықсыз ауылдарды *қан қақсатқан* екен (133-бет).

Қан қақсатқан – зар жылатты.

34. Мыңжасар *тепсе темір үзетін* қайраты бар адам. *Жатыпішер* жалқау да емес (134-бет).

Тепсе темір үзетін – мықты, берік. *Жатыпішер* – еңбек істемейтін жалқау.

35. Сол түсе сала, бұны шұғыл өзгертіп, жүзіндегі *қанын ішіне тартқызды* (144-бет).

Қанын ішіне тартқызды – қатты ызасы келді.

36. Ал енді қалай жесем де ара түсуші де болмасын дейді ол: Осы елдің кешегі ханы, құдай қойған әміршісімін дейді. «*Ақ дегенім алғыс, қара дегенім қарғыс болсын*» дейді (146-бет).

Ақ дегенім алғыс, қара дегенім қарғыс болсын – айтқаны болған.

37. Әбіш сәл бөгеліп тұр. Көңілінде кешегі күдігі, өзіне ғана мәлім, жасырын қайғылы сыры тағы да *тас түйіндей* төңкеріліп өтті (151-бет).

Тас түйіндей – өте берік топталды.

38. *Қоңыр салқын* үңгірдің ішін ұзақ уақыт, кейде терең ойлы сөз, кейде күлкі әзілмен күңгірлетіп, даурықтырып жүрген жігіттер тобы енді шығуға айналды (152-бет).

Қоңыр салқын – жазғы жағымды салқын жел.

39. Кұйын құған қаңбақтай жөңкіліп жүргенім мынау! *Сайда саның, құмда ізің жоқ* (155-бет).

Сайда саның, құмда ізің жоқ – үшті-күйді жоқ.

40. Сол күні тамам қорқаудың тұмсығына бір соғыпсың *айызым қанды* (156-бет).

Айызым қанды – көңілі жай тапты.

41. Оспан болса, Оразбаймен оның айналасындағы *ұрыға құрық беріп*, және сонымен байлық тапқан бірнеше жуан-содырды шетелмен ақылдастырмақ еді (159-бет).

Ұрыға құрық беріп – қарақшыны қолдады.

42. Бүгінгі күн *қанаты қырқылған құстай* боп, шетінен тұралап, сорға камалып қалған Жігітек сияқты туысқан ел әлегін де қоздырып жіберген, осы Оразбайлар деп ұғынады (159-бет).

Қанаты қырқылған құстай – сорын қайнатты.

43. Аямасын! *Қапы қалып, опық жеп* жүрмесін Оразбай деген болатын (160-бет).

Қапы қалып, опық жеп – санын соқты, өкінді.

44. Енді мол бәлеге *белшесінен батқан* деген осы (162-бет).

Белшесінен батқан – үлкен олжаға кемелді.

45. Көрісерге күн қараң деп жүргем жоқ, Оразбай осы айтқанымды *ішіңе түйгейсің*. Бұл арада бұдан ары шешіліп, ашыларым жоқ (163-бет).

Ішіңе түйгейсің – ішті сақтады.

46. Тәкежан ауылының *белге соққан жыландай* боп әзірше титығы құрып тұрғаны да мәлім (165-бет).

Белге соққан жыландай – орнынан қозғалмай қалды.

47. Жалғыз кенжесі өсіп, *қаратабан боп* адам бола бастаған Дәркембай тіпті, қайта жасарғандай болды (174-бет).

Қаратабан боп – еңбегін сатып күн көрген жарлы кедей.

48. Анық *сіңірі шыққан* кедей ұраны еді (175-бет).

Сіңірі шыққан – кедей.

49. Сонымен енді бір *шай қайнатым* ішінде айтқанындай отыз құр ат кедей үйлерінің босаға – босағасына көп байланып қалды (194-бет).

Шай қайнатым – бір шай қайнар мезгіл.

50. Ауыл үстіндегі аттылы-жаяулы төбелес-топырға қарамастан артына ерген Асан мен Үсен үшеуі *құстай ұшып* отырып, жаңағы Базаралының үйіне жеткен (194-бет).

Құстай ұшып – жүрісіне көз ілеспеді.

51. Қазір соның атын ба, жөнін бе біреуін естимін ғой деп сәл ойлап қалғанда, қыз жүрегі тітірегендей боп, барлық *іші мұздай* түсіп қатты қиналып қалды. (224-бет).

Іші мұздау – қатты шошыды.

52. Сөйтіп бір өкінсе екен аңқаулығынан, адалдығынан ғана бір *опық жесе* екен – деп те арбайтын (228-бет).

Опық жесе – өкінсе.

53. Өзіңізден туған өрен-жараныңыз құдайға шүкір «*қағанағы қарқ, сағанағы сарқ*» ана сіз емес пе! (232-бет).

Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ – уайымсыз.

54. Олардың екеуін де алдап қайрап, *қолтықтарына дем бүркіп* осылай етіп отырған, мен білсем, дәл Әзімбай дегенде, үйдің іші түгел мақұлдап, күлісіп те қалды (242-бет).

Қолтықтарына дем бүркіп – қайрады.

55. Өнер шашып отырған жоқ, *зәр шашып*, тұнығымды лайлап жер өртеп отыр демейсің бе, ол арамқатқыр данышпандық, білгірлікті – деді (265-бет).

Зәр шашып – ашулы айбат көрсетті.

Фразеологиялық бірліктер деп мағынасы жағынан ажыратылмай, сөз тіркесінің бүтіндей мағынасы мен лексикалық сыңарлардың мағыналарының бірігіп тұтасуынан туатын тұрақты фразеологиялық тіркестерді айтамыз.

Фразалық бірліктегі сөздердің астарлы образды мән-мағыналары ұғынылатын негізгі түсінікпен байланысты болады. Мысалы: тайға таңба басқандай (анық, ашық), түймедейді түйедей ету (үлкейту).

Тұрақты фразалық тіркес сөздердің еркін тіркесі негізінде әбден қалыптасып, жымдасып кетуінен жасалған. Мысалы, шалқасынан түсу (көнбеу, келіспеу) бұл фразалық бірлікте шынында адамның кенет құлап түсуінің бейнесі, астарлы, келтірінді мағынасы жатыр.

Бұл екеуі де белгілі сөз тізбектері: түйдек тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы негізгі мағынасынан айырылып қалады да, өзара жымдасып, бір ғана негізгі фразалық мағынаны білдіреді. Басқаша айтқанда, түйдек ішіндегі компоненттер, өзінің бастапқы лексикалық формасы мен семантикалық қасиетін жоғалтады да, сыртқы сиқын ғана сақтайды.

Сөйтіп, оның компоненттері ширала келе, негізгі бір кесек, фразеологиялық бірлік болады. Романнан алынған мысалдар:

1. Сорлы бала қыстай *іш-құста болып* қалған-ау, дейді (3-бет).

Іш-құста болу – уайыммен, сағынышпен сарғайып қасірет шекті.

3. Баланың *қытығына тиетіні* осы жері (4-бет).

Қытығына тиетіні – ашуын келтірді, намысына тиді.

4. Абай бұған ішінен *ыза болды* (12-бет).

Ыза болу – ашуға булықты, күйіп - жанды.

5. *Өркеннің өссін балам!* – деп әжесі алғыс айтты (13-бет).

Өркеннің өссін – алғыс, үрім бұтақты бол.

6. Шетінен *сөзуар, сотқар* Жігітек (22-бет).

Сөзуар, сотқар – сөйлемшек, тентек.

7. Жүрегіне *қан төгілгендей* қайнап келді (38-бет).

Қан төгілгендей – қырып жойды.

8. Ол ер емес Борсақ әруағынан садаға, тіпті Тобықты әруағынан садаға: ол *сұмырай* еді (64-бет).

Сұмырай – сұмдығы басым адам.

9. Бөкенші Борсаққа *қыр көрсете* келіп тұр (69-бет).

Қыр көрсету – айбат қылды, доқ жасады.

10. Бөкенші Борсақтың қалың жиынына мына сөз *таспен ұрғандай* тиді (69-бет).

Таспен ұрғандай – сөзі ауыр тиді.

11. Кемпір-шалды күркілдетіп баланың жағынан *боздағын шығарып* қашанғы отырамыз (72-бет).

Боздағын шығарып – қалтырап тоңды.

12. Дағдылы қорқақтығы, Құнанбайға қарсы шаба алмайтын ежелгі маймақтығы деп мырс етіп *мұрт астынан күліп қойды* (72-бет).

Мұрт астынан күліп – іштей сықақ етті.

13. Кіші апа – дей беріп еді, Айғыз оны сөйлетпестен қаптап кеп *Әлімжетік* қыласың ғой! Сендер бір шешеден төртеусіңдер, көпсің (99-бет).

Әлімжетік – тартып алды, күш көрсетті, зорлық етті.

14. Жоғал әрмен балаларымның арасына кіріп *іріткі салып* не шатып тұрсың! Шық жаның барында деді (33-бет).

Іріткі салу – жұрт арасының шырқын бұзды, берекесін келтіреді.

15. Абай күндегі дағдысы бойынша, томсарды да *үн қатпады* (100-бет).

Үн қатпады – ләм-мим демеді, сөз қатпады.

16. Қарағым *бауырың суып* қатыбас боп кетпедің бе! Балам сен едің де, анаң мен емес пе ем – деді (132-бет).

Бауыры суып – күдер үзіп.

17. Мына балаға Байдалы сөзі *дөп тиді*-ау (159-бет).

Дөп тиді – нысанға дәл тиді, тап келді.

18. Бірақ бұл баласы *бірбеткей* кетіп отыр (169-бет).

Бірбеткей – айтқанынан қайтпайтын.

19. *Хабар-ошарсыз* Камшаттың қойылып қойғанына Құнанбай жаман катуланды (171-бет).

Хабар-ошарсыз – хабар айтпады.

20. Зеренің аулы осы *дегбірсіздік*, мазасыздық үстінде үдере көшіп отырып Бақанасқа жетті (172-бет).

Дегбірсіздік – шыдамсыз, көңілі тыншымады.

21. Өткен түні ел жатар кезде *жантәсілім* қыпты (173-бет).

Жантәсілім – қаза болды, қайтыс болды.

22. Зере жалын атып зар күйінішпен күрсініп қойып, кесек-кесек *жас ыршытты* (173-бет).

Жас ыршытты – егіл-тегіл жылады.

23. Құнанбайдың үлкен үйі үш саба, бір ту бие, бір той сойыс апарды және *азаға салғаным* деп Зере мен Ұлжан түйе апаратын болды (176-бет).

Азаға салғаным – қаралы үйге жиын асына, асқа, деп үлес сыбаға беру.

24. Жануар-ай, йең кетіп *тұл қалдың* ғой, сен бейбақ! – деп жақындап келді де күрең аттың кекілін шорт кесті (177-бет).

Тұл қалды – иесіз қалды.

25. Бөжейдей жұрт жоқтаған жанға *топырақ салмай* қалған жалғыз Құнанбай айналасы болды (179-бет).

Топырақ салмай – барлық жолы жасалатын ағайын да тұтып, арулап қойып, топырақ салатын үлкен қаза.

26. Аңыраған ел, жер қойысқан қалың топыр боп кеп бірнеше күн жыласып аза салып болды да, Бөжейдің *жаназасын шығарды* (179-бет).

Жаназасын шығарды – өлген адамға құран шығарды.

27. Бұлар кім? Бұл қандай көш? – деп *тақат таба алмай* ағасын камшымен түрткілеп мазасызданып тұр еді (186-бет).

Тақат таба алмай – саябырсыздық, дегбірсіздік

28. Соның дәл қасында төменірек отырған Садырбай ғана Майбасардан көз алмай *суық қарады* (198-бет).

Суық қарады – жақтырмай қадалып көп қарады.

29. Бес қасқаның ең *ызақор оттысы* Садырбай еді (201-бет).

Ызақор оттысы – ашуланып, бетінен оты шықты.

30. Сол ұлық үш күн жатып тергеу жүргізді. Келген беттен-ақ *сұғын қадағаны* Құнанбай (206-бет).

Сұғын қадағаны – сұқтанды.

31. Сол сәлемін Құнанбайға әкелгенде ол ашу шақырып *кәріне мініп*, Қаратай мен Жұмабайды сол түнде қайта жіберіп, сөзді қойсын, көшсін деген бұйрық жолдапты (245-бет).

Кәріне мініп – күш көрсетті, ашуға мінді.

32. Екі көзі қанталап, кіртііп, жақтары солып, бір түрлі *жүдеп, үрпін қапты*.(263-бет).

Жүдеп, үрпін – азып қалу.

33. Қарлығаш қанатының ұшындай боп, айдай сызылған жіп-жіңішке кастары көтеріліп-жазылып Абайға өзгеше *үн қатқандай* болды (274-бет).

Үн қатқандай – дыбыс берді.

34. Жүрегі барлық бүркеулі шынын да, *ыстық жалын* сырын да осы әнге, осы арадағы өз сөзіне салған (274-бет).

Ыстық жалын – сағынған көңіл.

35. Қаратайдың аулына барып түстеніп кеш батқанша сонда болды да, сол күні ымырт жабылып *ел аяғы басылған соң* Жәнібекке қайтты (276-бет).

Ел аяғы басылған соң – өте кеш, жұрт жатқанда.

36. *Жазық биік маңдайы* шекесіне таман келгенде дөңкілдене түсіп, кең көсілгендей (280-бет).

Жазық биік маңдайы – кең маңдайлы.

37. Асығыс жүрген аттылар үн шығармай дыбыс бермей тұп-тура *қоян-қолтық* келді (287-бет).

Қоян-қолтық – тез жетіп келді.

38. Екі туысқан *суық кездесті* (294-бет).

Суық кездесті – жақтырмай, салқын жүздесті.

39. Жақып Зере сөзінен соң қайтыңқырап қалса да, Абайға *ызғар тастап* кетпек (297-бет).

Ызғар тастап – ашуланып кетті.

40. Көп елді шошытып, жағасын ұстатқан, *таңдайын қақтырған* сұмдық апат содан білінетін (303-бет).

Таңдайын қақтырған – таңданды, қайран қалды.

41. Екеуі де әлі күнге құр дағдарып, құр *санын соғып* жүр (323-бет).

Санын соғу – қатты өкінді, алданып опық жеді.

42. Аздан соң Базаралы *қабағын түйіп* ап әкесіне суық қарады (326-бет).

Қабағын түйіп – жақтырмады.

43. Әрқашан нұрланып тұратын қызғылт жүзі аппақ сұр болып, *қанын ішіне тартып* апты (326-бет).

Қанын ішіне тарту – ызаланып, жарылып кете жаздады.

44. Балағаз *Құдай төбеңнен ұрсын!* Уа құдай төбеңнен ұрсын Балағаз! Деп зарлай берді. (327-бет).

Құдай төбеңнен ұрсын – алланың қаһарына ұшырағыр.

45. Желді аяқ желмаясын жосытқан Асан қайғыда ащы күйін бебеулеткен Алшағыр да – барлығы да тыным-таппай *безек-қағады* (335-бет).

Безек-қағады – зыр жүгірді.

46. Қап, сорлы қылған тәңір-ай не *қара басып* еді, - деді (347-бет).

Қара басу – қайғырды.

47. Балғаздарға барды салып *кәр төккен* себептері содан туған (349-бет).

Кәр төккен – қаһарлы, айбат көрсетті.

48. Арада *делсалда қалған* Байсал, Сүйіндік сияқтылар бар (349-бет).

Делсалда қалған – арада жүру.

49. Немене ана жағың *азан-қазан* боп кетті? Тағы ұлық пен болыс әлегі ме? деп сұрапты Базаралы Дәркенбайдан (391-бет).

Азан-қазан – у шу болып шулады.

50. Тараңдар, тастаңдар жалғыз ұлықты *қалсын адыра* десіп бірі артынан бірі айғайлады

Адыра қалсын – келмеске кетті, құрып кетті.

Фразалық тізбектер деп – мағынасы жағынан құрамындағы сөздердің мағынасымен байланысып жататын, тіркесі тұрғысынан орнығып тұйықталған сөз тіркесін айтамыз.

Тұрақты сөз тіркесінің бұл түріне мыналарды жатқызуға болады: асқар тау, шалқар көл, қыпша бел, мидай дала, жосадай қан. Мұндағы тізбектердің құрамындағы асқар, жосадай, қыпша деген сөздер тек аталған сөз тіркестерінде қолданылады да, басқа сөздермен тіркеспейді және бұл сөз тіркестерінің қай-қайсысының болмасын беретін мағынасы өзін құрастырушы жеке сыңарлардың бірінің мағынасымен мағыналас болып, алшақтамай тұр. Мысалы, қыпша бел – сөзі бел туралы, оның нәзіктігі

туралы, немесе асқар тау – таудың биіктігі туралы болып тұр, сөйтіп, беретін мағыналары құрамындағы сөздердің мағыналарынан алшақтамаған.

Абай жолы романындағы кездесетін фразеологиялық тізбекке мысалдар:

1. Үзілмей, қатаймай, бір қалыппен желпіп соққан әдемі салқын *қоңыр жел* қандай рақат (7-бет).

Қоңыр жел – біркелкі жайлы салқын леп.

2. Өзі тіпті *көшелі кісі* боп қапты! – дей беріп еді. Құнанбай оның сөзін аяқтатпастан Абайға бар ана шешелеріңе балам деді (10-бет).

Көшелі кісі – ер жетіп қалыпты.

3. Қазір Құнанбай алдында жастан бергі дағдысы бойынша, үндемей отырғанымен, бұл ерен бүлік *сотқор адам* (23-бет).

Сотқор адам – тентек адам.

4. *Пішіні суық, ызғарлы екен* (66-бет).

Пішіні суық – қаһары күшті.

5. Біреудің сыртын бетке ұстап жүріп маған арнап *оқ атқанын* қойсын (74-бет).

Оқ ату – қастандық жасады, қарсы болды.

6. Үркімбайдың кішкене *тұлымды қызы* есіктен қашып кеп әкесінің қолтығына кіріп кетті (75-бет).

Тұлымды қызы – үлкен қызы.

7. Екіншісі *дом боп* жарап қалған сортап болған сұлу қара көк (177-бет).

Дом боп – жұп-жұмыр болып семірген ат.

8. Баланың үлкен көздері *от шашып* өрттей жанып алыпты (184-бет).

От шашып – ашу ыза төкті.

9. Пұшарбай, Садырбай, Мұңсызбайлар боп Майбасарға мықтап *дүре соқты* (201-бет).

Дүре соқты – кенеттен тура ұмтылды.

10. Майыр екеуміз бірге де талай істестік, *дәм-тұзымыз араласты* ғой (216-бет).

Дәм-тұзымыз араласты – аралас құраластықта болды, алыс-беріс қарым-қатысы болды.

11. Ол кебісін шешіп жатқанда сырт сымбаты талдырмаш, бірақ аса *сұңғақ бойлы*, биік көрінді (238-бет).

Сұңғақ бойлы – ұзын кеуделі.

12. Бері кел! *Шаш сипа* – деді (239-бет).

Шаш сипа – қазақтың үріп-әдеті.

13. Қайдан білейін? Бір *жуан қара* ғой? – деп ап-ашық қомсынғандай сөйледі (240-бет).

Жуан қара – ірі кеуделі.

14. Ғашық дос, *асыл жар* дегендер бұның әлі күнге дақсыз келген жүрегіне соншалық бір биік, пәк заттай көрінетін (240-бет).

Асыл жар – сүйген әйелі.

15. Қайта мұндайдағы *қатқыл көңіл* ырзалық тапқандай болды (260-бет).

Қатқыл көңіл – қатыгез адам.

16. Аздан соң ай туып, аса бір тынық, жым-жырт, *жайлы түн*, жылжып келді (26-бет).

Жайлы түн – жағымды түн.

17. *Ақ дала*, алыс адырлар жеңіл көкшіл тұманға батып, *түн жібегін* оранғандай (264-бет).

Түн жібегі – жұмсақ леп.

18. Арық-тұрағын күтіп, көктемнің қара суығынан аман алып қалу шарасы *жалпақ елді* жаппай басты (303-бет).

Жалпақ ел – барша, күллі жұртты.

19. Дауысында аса бір *кең тыныс* бар екен (317-бет).

Кең тыныс – жағымды дауыс.

20. Балғаз бен Абылғазының ендігі *қияс мінезі* Құнанбайды дағдарта бастады (332-бет).

Қияс мінезі – қыңыр, айтқанды қылмайтын.

21. Осы қарағыма өзгелердің *тас бауыр* қатыбас мінезін бере көрме деген еді (361-бет).

Тас бауыр – мейрімсіз.

Синтаксистік қызметі де – біртұтас: көбіне дерлік, сөйлемнің нақтылы бір ғана мүшесі дәрежесінде жұмсалады.

Фразеологиялық түйдектің беретін мағынасы оның жеке сыңарларынан шығатын мағынамен байланыспауына бірер мысал: Қабырғамен кеңес; жүрек жалғады; қырғи қабақ болды; тонның ішкі бауындай.

Қабырғамен кеңес дегеннің мағынасы қабырға, кеңес деген сөздердің тікелей мағынасынан туып отырған жоқ. Мұның беретін ұғымы ойлан, асықпай-саспай ойлан, не болмаса жүрек жалғады мағынасы азын-аулақ ас, ауыз тию. Жеңіл-желпі тамақ ішіп алу. Қырғи қабақ болды. Мұның мағынасы араздасу, өкпелеу, қырын қарау; тонның ішкі бауындай, өте тату, жең ұшынан жалғасқан.

Осындағы келтірілген әрбір түйдек сыңарлары тұтасып барып қана, өзара бір шоқ жаңа мағына туғызып тұр.

Түйдек ішіндегі элементтеріне қарай талдау жасап, бірін екіншісінен жырып алуға болмайды. Ал фразеологиялық тіркес, ішіндегі сөздер негізгі мағынасынан жарым-жартылай ғана айрылып қалады. Мысалы: Белін қынай буынды, ата жолын қуды, егілу, мидай дала. Сөздердің фразеологиялық түйдек тобы болсын, екеуінің де ортақ қасиеті – тиянақтылық.

Бұл екеуінің де компоненттері өзара бекем орынға, белгілі тәртіпке ие болуы шарт. Компоненттер бөтен сөздерге жанаспай, олардан бойын аулақ салып, өзінің арнаулы сөздерімен үйірлес келеді.

Демек, егіліп дегенді жылады дегеннің алдына қоюға болады, «қынай» деген сөз буынды деген сөзбен жанаса алады.

Сол сықылды қырғи қабақ болды, қырық пышақ болды, ақ түйенің қарны жарылды, жауырда жоба тоқыды, менің сағым сынды деген тізбектердегі компоненттер да осы сипаттас.

Әсіресе, соңғы екі фразеологияның компоненттері өзара тығыз байланысты: «тоқы» деген етістік тек осы тізбектегі сөздермен ғана «жауырда жаба тоқыды» жанаса алады: Сағым сынды дегендегі «сақ» сөзі де сынды етістігімен ғана жанаса алады.

Фразеологиялық түйдек пен фразеологиялық тіркеске тілдегі қолдану сәтіне қарай бағзы уақыт бірінің орнына бірі жүріп, ауысып отырады. Бұл екеуінің кей ретте шегін белгілеп, ажыратып алудың өзі қиын.

Мәселен: Күлін көкке ұшырды, жермен-жексен болды, жерден жеті қоян тауып алғандай қуанды, салы суға кетіп отыр, санын соғып қалды, бармағын шайнап қалды, төбе шашы тік тұрды деген тізбектердің бәрі де бейнелі, дәлірек айтқанда, туынды мағынаға ие болып тұр.

Мұндағы жермен-жексен болды дегендегі жексен сөзі парсы тілінде бірдей, тегіс деген мағынаны білдіреді, яғни жер бетімен бірдей етті, көзін жоғалтты, құртты деген мағынаны беріп тұр.

Санын соғып қалды деген тізбектің мағынасы да метафоралық мағына «өкінді, күйінді, қапыда қалды, жерден жеті қоян тауып алғандай қуанды» - деген екінші жанама, туынды мағына беріп тұр. Сол сықылды салы суға кетіп отыр дегенді де басқа мағынада қолданып отырмыз. Егер де бұл сөздерді «салының суға кетуі» мағынасында тікелей түсінсек, фразеологизм бола алмайды.

Фразеологизмдерді сөздердің лексикада жеке тұрғандағы мағынасымен түсінетін болсақ, бұлар қарапайым сөз болып кетеді, не мағынасыз, мәнсіз бірдеңе болып шығады.

Айталық, қол көтерді деген сөзді ыңғайына қарай контекстегі қолдануына қарай тікелей мағынасында да, туынды мағынасында да айтуға болады. «Біз жол жөнекей өтіп бара жатқан машинаға қол көтердік» десек, мұндағы қол көтердік өзінің тікелей мағынасында айтылып тұр: біз оны жақтап қол көтердік десек, мұндағы тізбек жанама мағынада айтылып тұр.

Ал жүрек жалғап алайық, мойнына су құйылып отыр, бетіне қара күйе жағылды, бит ішегіне қан құйып отыр, бір торының қауызына сыйғызды, бүйрегі бұрды, су жүрек, соры ізіне шөп салып отыр деген тізбектерді сөздердің тура мағынасымен айтып отырғанымыз жоқ.

Сол себептен бұл тізбектерді құрап тұрған жеке элементтердің мағынасы осы тұрған қалпында дербес референттік мағына бола алмайды. Сондықтан екі немесе бірнеше сөздің түйісіп келіп фразеологиялық түйдек болуы үшін, ол компоненттердің өзара байланысынан туатын мағынадан мүлдем бөлек.

Сөйтіп фразеологиялық түйдек пен фразеологиялық тіркестің өзара айырмасы бұл екеуінің құрамындағы компоненттердің дара қолданылған айрылу, айрылмау дәрежесінен көрінеді.

II-ТАРАУ

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДА ҰЙЫТҚЫ ЖӘНЕ САНДЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ҚОЛДАНУДАҒЫ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

Фразеологизмдердің ішінде кейбір сөздер семантикалық жағынан ерекше байқалып түп қазық есебінде қызмет атқарады. Оны ұйытқы сөз деп атау орынды. Оған мысалы: тіл, жүрек, көз, ауыз, қол, бас, қара, тас, жатады.

Тілдегі кез келген сөз фразеологизмдерге ұйтқы сөз бола алмайды. Халықтың өзімен қоса жасасып келе жатқан байырғы сөздік қордағы сөздер ғана ұйытқы сөз бола алады. Сөздің сапа жағынан қаншалықты дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі – оның көп мағыналық сипат алып, туынды мағынада жұмсалып, әлденеше фразеологизмдерді тудыруға себеп болуында.

Фразеологизмдер – әрбір ұлттың тілінің сөз байлығы болып, көз алдымызға бейнелі образ жасап, суреттеп көрсететін тұрақты сөз тіркестері. Әрбір тілде халық санасында қалыптасқан фразема жасайтын символдық компоненттер болып, оны ұйытқы сөздер деп атайды.

Дегенмен, кез келген сөз ұйытқылық қызмет атқара алмайды да, халықтың санасында, тілінде сан ғасырлар бойы қолданылып келген, байырғы сөздік қордағы сөздеріміз ғана ұйытқылық қызмет атқара алады. Олар көбінесе тілдерге ортақ теңдей символдар болып келеді. Фразеологизмдерде анатомиялық атаулар мен дене мүшелері арқылы жасалған фраземалар өте көп кездеседі.

Фразеология – тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі. Өзінің көнелену жағынан да, тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стиль жағынан да оларға тән ерекшеліктер бар.

Фразеологизмдер – қазақ әдеби тілінің айшықты да, мәнерлі де бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелілік, әсерлілік, экспрессивті –

эмоциялық, суреттеме қасиетімен көзге түседі. Осындай көркем, пәрменді, бояуы қанық алуан түрлі тұрақты тіркестерді халық орынды пайдаланып ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді.

Абай жолы романында кездесетін ұйытқы фразеологизмдерге мысалдар:

1. Олар *самғасан сары қол* (3-бет).

Самғасан сары қол – иін тірескен топ, қалың әскер.

2. *Көз ұшына кетіп* ұзап алып, ылғи жапа - жалғыз шауып отырған (4-бет).

Көз ұшына кетіп – алысқа ұзады.

3. *Қолды болса*, болатын жорға Жұмабай (5-бет).

Қолды болса – із - түзсіз жоғалды, ұрланды.

4. Сонда әдеіі *бетінің зәрі қайта* берсін деп не бетімді айтамын Ойка апама деген еді. (6-бет).

Бетінің зәрі қайту – уы тарады

5. Қазір *жүрегі аттай тулатып* соншалық қуантып, еркін алған көрінісі. (8-бет).

Жүрегі аттай тулатып – қатты толқыды.

6. Кейде *ұғымсыз сөзден* іші пысып, әкесінің пішін тұлғасына қарап, қадалып қалады (17-бет).

Ұғымсыз сөз – тынымсыз сөз.

7. Құнанбайға бұлардың ішінен *көз алмай* қырандай қарап отырған дәл төрдегі Байсал (18-бет).

Көз алмай – көзінің ұшымен қадалып көп қарады.

8. Тура баспас *табан аяқ* болған соң ит те, құста шығады да! (78-бет).

Табан аяқ – жай қимылдады.

9. Жастар әлі Тәкежанның қазасын көбірек ойлай ма, *тіс жарып, тіл қатпады* (88-бет).

Тіс жарып, тіл қатпады – үндемеді.

10. *Қол қарасы* көрінбейді, мұнысы тіпті жайлы деді (89-бет).

Қол қарасы – адам пендесі көрінбеді.

11. Недоймке келгенде *көзіңе көк шыбын үймелер* сонда көрермін дегенмін – деп табалаған-ды (121-бет).

Көзіңе көк шыбын үймелер – қорлады.

12. Екі *көзі қарақаттай жайнаған* аппақ Камшат мұндағы барлық үлкендерге аға-ата деп жалт-жалт қарайды (133-бет).

Көзі қарақаттай жайнаған – мөп - мөлдір сүйкімді қара көз.

13. Екі сорлы жетімегімнің *көз жасы жібермегір* саған жалынғанша, қайдағы аямас қас-дұшпанға (жалынсамшы) – деп үйіне жеткенше қарғап келді (122-бет).

Көз жасы жібермегір – азаппен төкен жасы алдыңнан шықсын.

14. Көшірі Баймағамбетке үлкен көзін қысып, әзір тұр дегендей боп, *иек-қақты* (161-бет).

Иек-қақты – ымдады.

15. Оразбайдың жауыз екені рас еді. Осы елді көпшілікті зарлатқан *қанды ауыз* қасқырдың ең сойқаны сол (162-бет).

Қанды ауыз – жауыз, қаскүнем.

16. Онсыз да *қан жүрегі* қақ жарылып жүр ғой (164-бет).

Қан жүрегі - ыстық жүрек, қамыққан көңіл.

17. Бұл мекенде сен мойныңдағы қарызы мол әкесің білдің бе? Айтам ғой «жер тәңрісімін» деп *аяғың аспаннан салбырап түскен жоқ* (168-б).

Аяғың аспаннан салбырап түскен жоқ – басқадан бітімі артық емес, ерекше жаратылған жоқ, құдайдың баласы емес.

18. Бол тез деп мені *қолды-аяққа тұрғызбай* сол әкелген жоқ па! деді (174-бет).

Қолды-аяққа тұрғызбай – тыпыршып шыдамады.

19. Ақырын ғана сыңғырлап, сонша нәзік талдай баяулап қана *тіл қатты* - өзім де сондай сағынып ем (194-бет).

Тіл қатты – сөйледі.

20. Біздің ақсақал мен Ысқақ ағама осы ақылды құдай білдірмеген соң, не дерсің! Ертең ауыздары аппақ боп *қара жерге отырғанда* бір ақ білер (194-бет).

Қара жерге отырғанда – ұятқа қалдырды

21. Россиядағы шын тартыс енді ғана келешектің анық иесі болатын қалың күшке *иық сүйеді* (218-бет).

Иық сүйеді – екі жақ бірігіп әрекет етті.

22. Бұл дастанның басын тыңдамаса да жаңағы өзі келген тұсынан айып тапқан Шұбар қазір *суық жүзбен* сөйледі (239-бет).

Суық жүзбен – зәрлі бет.

23. Соның үстіне сен Құнанбайдың баласы болсаң мен Алшынбайдың қызымын деген *өр көңіл* де болатын (241-бет).

Өр көңіл – тәккапыр.

24. Бір тоқтамай, мүдірмей, соншалық бір шебер *жүйрік тіл* тауып жыр самғайды (277-бет).

Жүйрік тіл – сөзге шешен.

25. Ырғызбайдың *жүрегін шайлықтыратын суық сөзді* сенен есіттім (298-бет).

Жүрегін шайлықтыратын сөз – сескенетін жағымсыз сөз.

26. Заман не боп барады? Күн райы қалай бұзылды? *Ит ашуын тырнадан алғаныма?* деп тіксінді (343-бет).

Ит ашуын тырнадан алғаныма – біреу үшін кекті әлсізден қайтарды.

27. Осымен қатар Құнанбайдың *жүрек жұтқан* ерлігі, айла-тәсілі өзінен-өзі атамай-ақ әйгіленіп жатты (218-бет).

Жүрек жұтқан – еш нәрседен қорықпайтын батыл ер азамат.

28. Абайдың жалғыз арманы бір ғана оңашада *жүз көрісін*, сөйлесу болатын (221-бет).

Жүз көрісін – кездесті, бетпе-бет жолықты.

29. Ақ деп, ара түспеймін деп, *аяғын тартыпты* (331-бет).

Аяғын тартыпты – жоламады.

30. Сойылмен перейін бе осы кеп! деп *тісін қайрады* (342-бет).

Тісін қайрады – ыза болды, кектенді.

31. Тегінде, жұртты сескендіріп қашқындардың *жүрегін шайлықтыру* үшін шығарылған отряд еді (343-бет).

Жүрегін шайлықтыру – беті қайтып сескенді.

32. Жол бойынан лау мінгенде дегбірсізденіп үкілі үкілі почта деп *қолды-аяққа тұрмай* дігір салып (345-бет).

Қолды-аяққа тұрмай – шыдамсыз.

33. Балағаздың күзетке қойған жігіті *иек артпадан* тазы ертіп шығып жатқан аттылардың барлығын аңшылар екен деп ойлаған (347-бет).

Иек артпадан – дөң биіктеу, шыға беріс жер.

34. Батыр тұлғалы, ер сұлудың ойшыл *сергек көзі* де, ақ сұр жүзі де еріксіз елеткендей (334-бет).

Сергек көзі – сезгіш, қырағы.

35. Ел *жүрегін шайлықтырам*, түңілтем деді (349-бет).

Жүрегін шайлықтырам – беті қайтты, қаймықты.

36. Ақбас білімді *тіс қаққан* адам болғанымен қазақ арасында жаңада келген (357-бет).

Тіс қаққан – тәжірибесі мол.

Фразеологизмдердің осындай зерттелуі қажет мәселелерінің бірі сан есімдердің фразеологизмдер құрамында қолданылуы.

Сан есімдер бойындағы мифоэпикалық семантика мен символикалық қолданыстар олардың магиялық қасиеттерімен тікелей байланысты. Сан есімдер мифологемасы дара сандарда ғана емес, антропонимдерде, фразеологизмдер де көптеп сақталған.

Онамастика ғылымының көрнекті ғалымы Т.Жанұзақов сан есімдермен келетін жалқы есімдерге 1-10, 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100, 1000 сандарымен келетін кісілерде кездесетін адам аттарына тоқталып, ал

есімдердің көбінесе ер кісілерде кездесетінін, ал санмен әйелдер есімінің кездеспейтінін айтады⁷.

Көне жазба ескерткіштер деректері мен қазіргі түркі тілдері материалдары сан құдіреті архаикалық, көне дәстүрлерді сақтағанын және олардың көпшілігінде ерекше символиканың таңбасы барлығын дәлелдейді.

Қазақ тіліндегі культтік фразеологизмдердің табиғатына ғылыми талдау жасаған ғалым Қ. Қ.Рысбаева кейбір сан есімдердің ұйытқы болатынын айтқан⁸.

Қарақалпақ ғалымы О.Доспанов «Қырық саны этимологиялық жағынан ертедегі уақыттарда көптік, молдық, сансыз шексіздікті білдіріп, уақыттың өтуімен мағынасы тарайып, қазіргі күндегі семантикасын білдірумен шектелген болуы керек»-деп пікір айтады. Ол сонымен бірге тек қана қазақ тіліне тиісті болған ғайыб ерен қырық шілтен, кара қылды қырыққа бөлген, қырық күн қырғын, мың күн сүргін болса да, қырық күн шілде, қырық қазанның құлағын тістеген және т.б. фразеологизмдерді көрсетеді⁹.

Сан есімдердің фразеологизмдер ішінде ұйытқы болу қасиеті жоғарыдағы тіл, жүрек т.б. типтес емес. Өйткені, бұл үш, жеті, тоғыз, қырық сөздері өзінің сан мөлшерлік қызметін көп жағдайда жойып алу сыры бөлегірек. Олар белгілі бір нәрсе, құбылыстардың ұғымдық символы ретінде қолданылатын тәрізді. Бұлардың дені халықтың ескі наным, түсініктерінен туған. Бірақ, бертін келе бұл ұғым түсінік дерексізденіп, екінші бір сапаға ауысқан деуге болады.

Айталық, ит сөзінің алыстыққа тікелей қатысы болмаса да «ит арқасы қияда» дегеннің алыстық ұғым баламасы болғаны сияқты «жеті атасынан түк көрмеген» дегенде жеті сөзі де, уақыт мезгілдің шартты көрсеткішіне айналған, немесе «жеті басты жалмауыз», «жүт жеті ағайынды» дегендегі

⁷ Жанузаков Т. Қазақ есімдері. Алматы, 1988.

⁸ Рысбаева Г. Сан есімдерге байланысты культтік фразеологизмдер. Алматы 2000.

⁹ Доспанов О. Қырық санының келип шығуы туралы. ӨзРИА ҚҚБ Хабаршысы. 2001 ж. N4. 101 -102-беттер.

жеті сөзі де жалпы көптік ұғымына айналып кеткен. Өзге сандардан гөрі жеті санының жұмсау өрісі кеңірек.

Жеті негізінде жасалған нақыл сөз, тақпақ, мақал т.б. фразеологизмдер едәуір. Бұларда көне дәуір салт-санасының ізі сақталған.

Қай елде болса да өмірінде, ескі салтында бақсылық, балгерлік болғаны әркімге аян. Сол бақсылық дін ұғымдары қазақта да болды. Қазақ құмалақ атқанда «жетіскенге беретін жеті әліп» деп келеді. Бұл жерде «әліп» басында «білу-тану» деген мағынаны білдірген.

Балгердің «сәуегейлігіне» шын құлай сенетін адам жетіскенге беретін жеті әліпті құмалаққа тізе бұгуі даусыз. Мұндай сенім – нанымға ұйыған жұрттың «жеті қабат жер, жеті қабат көк» дегенді шығарып алуына да таңырқауға болмайды. Бұл фразеологизмдер мифологиялық, астрологиялық ұғымнан хабар беріп тұр.

Жерді ұстап тұрған «көк өгіздің мүйізі» деп білген халық өзінің ойын жетімен байланыстыруы бұл сан есімнің халықтың атам заманғы өмірімен, идеологиясынан аздап болса да керек бола алатындығын көрсетеді. Осыған қарағанда «жеті қарақшы» жұлдызын ала бөле жеті санымен байланыстыруы бұл сан есімнің бәлкім «киелі» екендігін көрсетсе керек. Жеті жұлдызды жеті қарақшыға балаған болар, көзіне бадырайып көрініп тұрған затты өзінің атымен атаған болар.

Мұнда ешқандай «киелі» зат жоқ дейік. Олай болса, сан есебіне келетін өзге жұлдыздар неге басқаша аталған. Мысалы Үркер, Шолпан, Ақбозат т.б. Ал көзге көрінген нәрсені өз атымен атады дейік, ал енді көзге түртсе көрінбейтін түнді қазақ неге жеті түн, жеті қараңғы түн дейді.

Грек халқында «жеті ғаламат» деген тіркес бар. Ол аты шулы жеті ғаламат мыналар: 1) Египет (Мысыр) пирамидасы. 2) Вавилондағы Семирамида бақшасы. 3) Эфестегі Артемида храмы. 4) Зефс статуясы. 5) Галикарнастағы мавзолей. 6) Коласс Родосский. 7) Фарос болып табылады.

Бұл санға байланысты көз-қарас халық арасында қалыптасып салт, заң болып кеткен. Мысалы: «Жеті атадан әрі қарай қыз алысу» заңы. Араға жеті ата салып құда түсу әдеті ғасырлар бойы сақталып келген.

Бұл дәстүр-салтын Ислам дінін қабылдағандар шарифатқа тура келтіріп алған. Осыдан әр рудың адамы жеті атасын білу шарт болған. Ежелден кедей, тұқым-тұяғынан бері қарай дәнеңе көрмеген жарлы болса, оны «жеті атасынан түк көрмеген» - дейді. Ес біліп, ат жалын тартып мініп, адам болғанынан бері қарай көргені қорлық болса, оны «жеті жасынан көргені қорлық» деп келеді.

Үрім-бұтағынан бері қарай келе жатқан байлық, батырлық, ақындықты «қазақ» жеті атасынан қара көк десе, енді бір жерде «Жеті атадан бері негізі тойған» батырлық, байлық жеті атасынан келген – деп келеді.

Жеті, бұл бір жағынан, жақсылық затпен, өмірге керек өнеркәсіппен, ізгілік қасиетке байланысып жатса, екінші жағынан шаруаны күйзелтіп, елдің дамылын алып, кей кезде аласапыран бүліншілікке, ашаршылыққа әкеп соқтыратын жұтқа да қатысты.

Қазақ жұт-жеті ағайынды – дейді. Олар мыналар: 1) Құрғақшылық (егін шықпауынан қурау). 2) Мал жұтау (қыс қатты болу, қар қалың жауу, індет болу). 3) Оба (домалатпай). 4) Өрт кету. 5) Соғыс (бейбіт елге басқыншылық жасау). 6) Сел кету. 7) Жер сілкіну т.б.

Жеті деген сөз жеті сан есімімен лексикалық мағына жағынан, әрине, адекватты емес, «О баста», «ежелден», «қашаннан» арғы аталарынан бері қарай деген мезгілдік ұғымды беріп тұр. Екінші сөзбен айтқанда, ең алғашқы тіккелей мағына орнына басқа бір ұғым пайда болып отыр.

Алғашқыдағы шекті сан, бертін келе «шексіз» немесе шартты, әйтеуір бір «көп сан» ретінде айтылып тұр. Бұл тәрізді құбылмалы, өзгермелікті тілдің лексикалық саласының басқа тарауларынан да байқаймыз.

Көп тілді білетін, көп халықтың әдет ғұрпын білетін кісіні халық «жеті ғылымның тілін біледі» деп келеді. Мұндағы «ғылым» деген «білім» мағынасында айтылған (бұл сөз тілімізге араб тілі арқылы келген «ықылым» түріндегі грек сөзі).

Қырық сан есімімен келетін фразеологизмдер ескі сеніммен ұштасып «қазақ тілінен де орын тепкен: қырқына шыдаған соң, қырық біріне де шыда» баланың қырқынан шығуы; өлген кісінің қырқын беруі т.б.

Түркі тілдерінің біразында көз тиген баланы қырық ожау, не қырық қасық сумен шомылдырады, ертегілерде қырық күн ойын, қырық күн тойын жасайды; қырық күн жол жүріпті деген фразеологизмдер жиі айтылады.

Сойылған малдың етінің борша-боршасын шығарып, жілік-жілігімен бөлуді «қырық жілік» дейді. Әйелдер ірі қараға қаһары түсіп, кейігенде ой, қырық жілік болғыр деп қорлайды. Қырықтың діни ұғымы басқа елдерде де бар. Мәселен, Стамбул түркітерінде біреуге қырық санымен келетін ақшадай қамыр-садақа беру бар. Ислам дінін қабыл еткен халықтардың бәрінде де өлген кісінің қырқын беру бар.

Қазақ ертегілерінде ұшырасатын «бойы бір тұтам, сақалы қырық тұтам, тазшаның қырық өтірігі» сықылдылар халықтың санасынан ертеден орын тепкен. Мақал-мәтел, нақыл сөздер және басқа сөз орамдары да бұл санның да «әншейін» сан емес, бір кезде «киелі» мөлшер екендігін көрсетеді.

Қазақ «Қырық күн шілде» деп жаздың нағыз аспан айналып жерге түсер ыстығын айтады. Бағзы уақыт қыстың да қақаған үскірік аяз мезетін осы қырық санымен өлшеу салты болған. Қырықтың айырықша өлшем болатындығына мынадай мысал келтіруге болады: қырық жамау, қыз қырық жанды т.б.

Қырық санының фраземалар бойындағы қасиеті туралы алғаш ғылыми пікірлер академик І.Кеңесбаев еңбектерінде талданылған¹⁰. Фразеологизмдердің ішінде бірден онға дейінгі және қырық, жүз, мың т.б. фразеологизмдер көп қолданылған.

¹⁰ Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.615-616 б.

Осы сандарға байланысты романда мынадай мысалдар кездеседі.

1. *Үш күндік жолдың бүгінгі соңғы күніне бала шәкірт барын салды.* (1 том, 3-бет).

Үш күндік жол – қысқа өмір.

2. *Бір тоға* кесек мінезі бойынша осы көңілін өле-өлгенше сақтаумен көрге бірге жетемін деп сенуші еді.

Бір тоға – бір қалыпты мінез. (24-бет).

3. *Екі жарты бір бүтін* болайық. Кімге сенеміз йық сүйесіп күн көрейік деп Құтжанға құран оқи келгенде Қодар Жампейіске зарын шақты да қолына ұстап қалды. (28-бет).

Екі жарты бір бүтін – бірікті, ұйымдасты.

4. Осымен бар ынтымағын Құнанбайға бағындырған жиырма ауыл дәл *бір ұялас бөрідей* еді. (62-бет).

Бір ұялас бөрідей – бірге тобымен жүрген.

5. Тойдым болды. Көшемін деп *бір-ақ кесті*. (200-бет).

Бір-ақ кесті – шорт кесіп айту.

6. Абай мен Тәкежан араздығын іштей тілейді де, сырттай айламен *алты қырдың астынан* өршіте жүреді ғой. (2 том, 18-бет).

Алты қырдың астынан – алыста.

7. Сонау елде *бір аяғы көрде, бір аяғы жерде* жатқан мұңы айықпас елі туралы болатын. (43-бет).

Бір аяғы көрде, бір аяғы жерде – жасы ұлғайған.

8. Ішқұстадан уланғандай боп сыртына шығармай, дертті қабағын түйіп *жүз толғанады* (84-бет).

Жүз толғанады – мың бүктелді, шыйыршық атты.

9. Енді Тәкежан алдында қолма-қол тайқып салғанын *екі жүзді ұсақ тоқыстық*, айнығыш айлакестік көрді (91-бет).

Екі жүзді – кісінің көзінше бір түрлі, сыртынан екінші түрлі сөйлейтін опасыз (адам).

10. Алдыңғы күні осы Алшынбаймен бірталай сөйлесіп кеп, аяқ көзде Құнанбай Бөжейге арнап *бір қатты суық сөз* айтқан (102-бет).

Бір қатты суық сөз – жағымсыз сөз.

11. *Он екі мүшеміз* сау тұрып, әлде кімбіз деп дүрсініп жүріп, мұның тапқан қайрат-жігеріне бір жетіп көрмеппіз (156-бет).

Он екі мүшеміз – дене бітімі.

12. Құнанбай баласы, не осы жерде өлтіріп, қара сорпамды ішерсің! Болмаса ахиретке дейін *екі қолым жағаңда!* Тек қыларыңның бәрін бүгін қылып қал (162-бет).

Екі қолым жағаңда – арпалысты.

13. Жаратылысында тастай қатты, қайсар біткен Оразбай Оспан қолына тұтқын боп ілінгелі *бір ауыз сөз* қатпаған (162-бет).

Бір ауыз сөз қатпау – үн шығармады.

14. Өмірді неден бастасам әлі сол орында тұрғандаймын залым жауызбен алысқан сайын *жеті басты жыландай* (200-бет).

Жеті басты жыландай – айлакер.

15. Кешегі Әзімбайдай *азуы алты қарыс* дейтін, жасанып келген жаумен алысқан кедей тобы мынау (201-бет).

Азуы алты қарыс – қаһарлы.

16. Сәскеде Көлқайнарға кеп Жұман ауылының жанындағы адырға кіре берсем бір төбенің басында *үш ұйықтасам түсіңе кірмес* бір қызық топ тұр (287-бет).

Үш ұйықтасам түсіңе кірмес – ойламаған жерде

17. Сіздей кісілер өмірі жалған жолда *екі жүзді* мінезде жүретін топ әрі халқына алдамшы, әрі ұлығына алдамшы ешкімге де шын достығы жоқ. (240-бет)

Екі жүзді – сыртынан екінші түрлі сөйлейтін опасыз адам.

18. Базаралы мен жатақ көрген, өз көз алдымда өткен жауыздықтарды қозғай бастасам, менің *алтыс екі тамырым* түгел ереуілдеп туламас па! Осыны етпесем мен азамат та болмаспын (287-бет).

Алтыс екі тамырым – елжіреп мейірі түсті.

19. Бәрінің сөзі әр тілмен айтылғанымен, бір ғана бояма *екі жүзді* жағымпаздықты жаман жорғалықты танытады (284-бет).

Екі жүзді – сыртынан екінші түрлі сөйлейтін опасыз адам.

20. Баласының абыройын төкпесін, *екі айтқызбасын* елге деді (295-бет).

Екі айтқызбасын - айтқан сертінен қайтпасын.

21. Неге риямен екі жүзділікпен сәттің арасында *жүз құбылып* жалған жолда жүресіздер? – деді (388-бет).

Жүз құбылып – сан қилы түрленді.

22. Қырық рудан құралып, *қырық жамау* болған басымен Көкен еліміз деп көкиді дейді (451-бет).

Қырық жамау – тозығы жеткен.

Жалпы түркілік қорды құрайтын фразеологизмдер мен жазба ескерткіштер құрамындағы фразеологиялық бірліктерді зерттеу түркітану ғылымының болашағы болып табылады¹¹ –деген зерттеушінің пікіріне қосыла отырып, сол дәуірдегі тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерінің қолданылуы мен қазіргі күнге келіп жетуін анықтау, фразеологиялық қорымызды байытады, әрі олардың келіп шығу төркіндерін жете тануымызға септігін тигізеді.

Фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипат, ұлттық ажар беретін стильдік мәні айрықша құрал болып саналады. Тұрақты сөз тіркестері, қанатты сөз, мақал-мәтелдер, идиомдар аз сөзбен көп мағынаны білдіреді, тілдің стильдік сапасын арттырады. Мақал-мәтел – астарлап, кестелеп айтатын ойдың бейнелі көрінісі. Мақал – көбінесе тиянақталған қорытынды ой ретінде, сөйлем түрінде келеді. Мысалы: Көп сөз – көмір, аз сөз алтын.

Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.

¹¹ Авакова Р. Фразеологиялық семантика. Алматы. 2002.

Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі т.б.

Мәтел формасы жағынан бейнелеп сөйлеудің элемент сияқты. Онда ой аяқталмай келте қайырылады. Ұзын арқау, кең тұсау, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен т.б.

Сөз өнерінің асылы мақал-мәтелдер ақын-жазушылардың стилінің қалыптасуына ықпал жасайды. Асылында, мақал-мәтелдер еңбекші халықтың тұрмысындағы басынан кешіргенін, көргенін, саяси-әлеуметтік тәжірибесін қалыпқа шебер құяды, сол себепті жазушының бұл материалмен танысуы өте қажет, өйткені бұл материал бес саусақты жұмып, жұдырығыңды түйгендей сөзді сағымдауға үйретеді, өзгелердің солай сағымдап айтқан сөздеріндегі астарын аша біліп, дәуіріміздің міндеттеріне зиянды, ой пікірлерді әшкерелеуге үйретеді.

Фразеологизмдер – сөйлеу тілінде де, жазба тілінде де көп қолданылады. Ал оның бейнелегіштік-мәнерлегіштік сипаты әсіресе көркем және публицистикалық шығармаларда айқын көрінеді.

Ғылыми шығармалар мен ресми құжаттарда фразеологизмдер мұндай мәнерлілік қызмет атқармайды. Өйткені, олар көбінесе, терминдік сипатта болып келеді де белгілі бір заттың не ұғымның аты ретінде ғана жұмсалады.

Бірақ, бұл стильдерде фразеологизмдердің қолданылу тәсілі бірдей емес. Стильдің бір түрінде тұрақты сөз тіркестері жалпы халықтың формада пайдаланылса, ал екінші бір түрінде олар кейбір өзгеріспен жаңа экспрессивті стильдік сипатта қолданылады. Мәселен: сөйлеу тілінде көбінесе жалпы халықтық форма өзгертілмей сақталады.

Көркем шығарма мен публицистикадан фразеологизмдерді қолданудың екі тәсілін де кездестіруге болады. Фразеологизмдерді жалпы халықтың формада қолдану жалпыға танылған белгілі тәсіл. Мұнда айтылып не жазылып жеткізілетін ойға көркемдік сипат беру мақсаты кездеседі.

Автор тілінде «Қарагөз 32-ақ жаста. Қаралы жаулық салынып, қызулы базар есігін жапқанына алты жыл болды. Одан бұрын Қарагөз тіршілік базарында еркін жүзіп жүрген еркемін дейтін» М.Әуезов.

Бұл келтірген мысалдарда қаралы жаулық, тіршілік базары сияқты фразеологизмдер қолданылған. Оларда жалпы халықтың форма сақталып, автор тілі мен кейіпкер тілінде бейнелегіш мәнерлі құрал ретінде пайдаланған.

Осындай мәнерлілік қасиет әсіресе фразеологиялық синонимдерді қолданудан баса сезіледі, мысалы: Жаңа жылап отырғаныңды көріп жүрегім тас төбеме шықты. М.Әуезов.

Ал мағынасы күңгірт, түсініксіз кейбір тұрақты сөз тіркестеріне авторлар түсінік бере кететін жайлар да байқалады. Мысалы «Өкіл күйеу» дегеннің мағынасын қазір кез келген адам біле бермейді. Сондықтан, бұл сөз ұғынықты болу үшін М.Әуезов оны былай түсіндіреді: «Өкіл күйеу тамырлық құрбылас кісінің арасында болады. Ал жасы үлкен кісі мен жас жігіт тамырласам десе: кейде осылайша өкіл күйеу боп аталады».

Фразеологизмдер тек жалпы халықтық формада ғана қолданылмайды, бұл тәсіл – көбінесе ақын-жазушыларға тән, жалпы халықтық формадағы тұрақты сөз тіркесін өзгертіп қолдану арқылы жаңа мағына беріледі. Мысалы: «берекелі болса ел, жағасы жайлау ол бір көл» деген мақалдың желісі былай пайдаланған.

Абайда: Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға Алла асыраған пендесі аш бола ма? Ер жеткен соң сыймайсың кең дүниеге, Тыныштық пен зар боларсың баспанаға.

М.Әуезов: Көлбай жатқан бел ме, бұл күтіп тұрған жағасы жайлау жақсы дүние ме? Әйтеуір, алдында енді мақсат ететін өріс бардай.

Бұл мысалдарда әр автор өзінің суреттеп отырған құбылысына, беретін бағасына қарай «жағасы жайлау» сөз тіркесіне әр-түрлі рең беріп, түрлендіре ажарландырады, мағыналылығын арттырады.

Жалпы халықтың тұрақты сөз орамы шешендік сөз үлгісінде құрылып, оның бұрынғы мағынасы толықтырылып дамытылады. Бұл тәсіл көбінесе М.Әуезовтың стиліне тән: оған мынадай мысалдар дәлел:

Ақ сұңқар ауға шырмалғанмен, ұясынан ұшқан балапан сұңқарлық етпей қоймас.

Сұлу қыз бен келіншек – елдің сәні,

Сұлу кеткен елдің де болмас мәні.

Сұлу қыз тоғайлы өзен бұлбұлындай

Бұлбұл кетсе, тоғайдың жоғалды әні.

«Гүл өссе – жердің көркі, қыз өссе – елдің көркі» деген мақалдың құрылысы пайдаланылған.

Фразеологизмдер көбінесе ауыс мағынада жұмсалып, тілімізде бейнелегіш, мәнерлілік қызмет атқаратыны белгілі. Бірақ стилистикалық тәсіл ретінде тұрақты сөз тіркестері тура мағынада да қолданылады.

Тарихи романдарда әлеуметтік бояулы мұндай мақалдар дәуірлік сипат беру үшін, сол өз мағыналарында қолданылады. Мәселен, М.Әуезов «Абай жолы» романында үстем тап өкілдерінің бірі – Оразбай былай дейді:

«Шиқылдаған арбасына мәстегін жеккен өңшең егінші, масақшы, күрек-шоттан қорегін іздеген қу кедей! Аталы ел болып, іргелі жұрт боп белдесе бірсәрі, қырық рудан құралып, қырық жамау болған басымен «Көкен еліміз деп көкиді» дейді. Осы ұстасқанда кімісімен ұстасамын десең де, көзге түсер құйқалы жері жоқ. Өңшең «құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас» дейтін сайда саны, құмда ізі жоқтар.

Сөйтіп, фразеологизмдер әр түрлі жолмен жұмсалады. Кейде жалпы халықтық форма авторлық өңдеумен өзгеріп те қолданылады.

Фразеологизмдерді қолданудағы бұл тәсілдер әр түрлі стильдік мақсатты көздейді. Сонымен қатар әр ақын-жазушы тұрақты сөз тіркесінің жаңа үлгісін жасап, фразеологиялық қорды байытуда өздерінің үлесін қосады.

Тұрақты сөз тіркесінің құрылысы жағынан өзгеріске ұшырауы - әсіресе өлеңді сөзге тән құбылыс. Әр халықтың тіл қолдану мен жазушылардың тілді қолдану тәсілі бір-бірімен тығыз байланысты.

Көркем шығарма тілі жалпы халықтың тіл өнерінің жалғасы ретінде дамып жетіледі. Жалпы халықтың тіл өнері – қалам қайраткерлерінің қажымай-талмай үйренетін мектебі.

Сонымен бірге, бұл мектеп әр жазушының өзіндік стилінің қалыптасуына негіз болады. Оны фразеологизмдерді қолдану тәсілімен айқын көреміз.

Стилистика үшін фразеологизмдердің мәнерлеу тәсілі ретінде маңызы зор. Сондықтан стилистика тұрақты сөз тіркестерінің тілімізде атқаратын қызметіне, оның қолдану заңдылықтарына баса көңіл бөледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде фразеологизм бұл негізгі тіліміздегі тұрақты тіркестердің жайласуының, олардың орын тәртібін және әрбір сөздің сөйлемге тигізетін әсерін анықтай отырып, сөз бойында қалыптасқан тұрақты мағынаны анықтайды.

Фразеологизмдер сөздердің бойына жаңа мағына енгізіп сөйлемге деген әсерін күшейтіп тұрады. Фразеологизмнің тіл білімінде алатын орны ерекше. Ол тілімізде сөздік қор мен сөздің құрамның баюына қазақ тілінің септігін тигізеді.

«Абай жолы» романында көріп өткендей фразеологизмдер әр сөз табымен бірге сан есімдермен де фразеологиялық тіркес құрап, тілімізде әр түрлі сөздерден әр түрлі мағына тудырып отырады.

Фразеологизмдердегі бірінші компонент көбінесе фраза жасаушы ұйытқы сөз болып табылады, бірақ бұл негізгі шарт болып табылмауы керек.

Тілдегі кез келген сөз фразема жасауда ұйытқы компонент бола алмайды. Тек халықтың санасында, тілінде ұзақ жасасып келген, байырғы сөздік қордағы лексемалар ғана ұйытқылық қызмет атқара алады.

Ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын фраземалардың орны әлемнің тілдік бейнесін жасауда ерекше. Оны танымдық тұрғыдан талдау адамзат өркендейтін ұлттық мәдениеттің табиғатын ашуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Адамзат сәби шағынан тілді, сол тіл арқылы мәдениетті меңгергенде ғана адам болып қалыптасады.

Адамзат қоғамы әлем, дүние қоршаған орта туралы барлық мағлұматтар лингвистикалық білімдер арқылы беріліп, сонда сақталатынына көз жеткізді.

Адам сөз дүниесінде өмір сүреді, орасан зор мағлұматтарды сөз арқылы меңгеріп, сөз арқылы түсіне алады. Сондықтан да, адамның тұлға ретінде жетіліп, өсуі оның сөзді қаншалықты дәрежеде меңгергеніне, сөз мәдениеті мен шеберлігін қаншалықты білетіндігіне тікелей байланысты.

Ұлттық мәдениеттің көзі болып табылатын фразеологизмдердің кілтін кез келген халық өкілі шеше алмайды. Ол үшін сол тілде сөйлеп, ойлап, сол халықтың топырағына аунап, суын ішіп, ауасымен демалу қажет. Себебі, мәдени кодты ашудың кілті сол атрибуттармен тікелей байланысты.

Фраземаларды мифтік танымға, әдет-ғұрыпқа, салт-санаға әкеп жүктеу, оларды бір-бірімен байланысты дүние ретінде қарастыруға, оларды мәдениеттің құрамдас бөлігі, ұлттық тілдегі бейнесі деп тануға жол ашса, екінші жағынан, ғалымдар сабақтастығын жан-жақты теориялық тұрғыдан аша түсуге мүмкіндік береді.

Фраземалардың пайда болуының өзіндік мотивтері болады. Оларға экстралингвистикалық факторлар да әсерін тигізеді. Фраземалардың ішкі формасы – олардың семантикалық құрылымында фраземажасам компоненттердің қатысы арқылы жасалатын этимологиялық және негізгі (актуальды) мағыналардың ортақ ассоциативті – бейнелі элементі.

Фразеологияның халықтың табиғатын түсінудегі, оның ұлттық мәдениетпен байланысын көре білудегі негізгі фактор фраземалар мағынасындағы экстралингвистикалық ситуацияның көзін ашу қандай жағдайда немесе қандай себептер негізінде фраземалар пайда болды деген сұраққа жауап беруден туындайтын мәселе – олардың шығу модельдерін айқындау.

Лингвистикалық тілмен айтсақ, тура мағынасында қолданылатын еркін сөз тіркестерінің пайда болу, шығу модельдеріне реконструкция жасау фраземалардың ішкі формаларының ашылуының бір жағы болып табылады.

Фраземаларды сақталған мәдени мағлұматтар – тілдік ұжымдардың өмір сүру ортасымен, көзқарастармен тікелей байланысты нақты тілдік социумның эталондары мен стереотиптері жинақталған бейнелі уәждеделген ішкі форманың жемісі.

Кез келген тілде халық санасында қалыптасқан символдар болады, олар әрқашан уәждеделді, яғни олар дәлелді. Тілдің идиомасында фразема жасайтын символдық компоненттер болады, оларды кейбір ғалымдар ұйытқы сөздер деп атады. Олар көбінесе барлық тілдерге ортақ, универсал символдар болып келеді.

Номинативтік бірлік болып табылатын фраземалардың мағынасында ассоциативті бейнелі коннотативтік белгілер болады. Фраземалардағы коннотация эмотивтік, ассоциативтік бейнелі және стилистикалық семалардың жиынтығы болып табылатын, таңбалайтын объекттердің белгілерінен гөрі сөйлеушінің таңбалаушыға және сөйлеу шартына қатысын білдіретін номинативтік бірліктер мағынасы.

Сан қырлы фразеологиялық семантиканың жан-жақты аспектісінің бір жағын ғана қарастырған бұл басылымның болашақта парасатты пайымдаулар мен терең ғылыми тұжырымдардың көзіне айналатын бастау болатынына сенгіміз келеді.

Сонымен фразеологизмдердің өзіне тән негізгі қасиеттері:

1. Дайын тілдік единица ретінде жұмсалады.
2. Жалпыға бірдей танылған қолдану заңы болады.
3. Мағына бірлігі сақталады.
4. Екі сөзден кем болмайды.

Фразеологизмдердің қай-қайсысы болмасын идиом, фраза, мақал-мәтелдер бәрі де ең алғаш халықтың сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан. Сондықтан, олар өмірдің барлық саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай келеді.

Фразеологизмдер алдымен адамдардың ой-сезімін, ара қатынасын, өмір тануын білдіреді. Қазақ тілі фразеологизмдерінің біразы өткір сықаққа құрылған. Ол қасиет әсіресе, жағымсыз бейнелерді сипаттайтын идиом, мақал-мәтелдерде баса сезіледі. Мысалы «түйе үстінен сирақ ұйту», «ку бастан қуырдақтың ет алу», «жұмыртқадан жүн қырыққан», «ит екеш итке де бір сүйек қарыздар» т.б.

Фразеология – тұрақты сөз тіркестерінің жүйесін зерттейтін тіл туралы ғылымның бір саласы. Сонымен бітіру мамандық жұмысымды қорыта келер айтарым жұмысымның кіріспесінде төмендегілерді сөз еттім.

Тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерінің ерекше қалыптасқан сөз тіркесі екендігіне мысалдар негізінде талдау жасадым. Тұрақты сөз тіркестеріне идиома, фраза, мақал-мәтелдерде жататындығы айтылады.

Тұрақты сөз тіркестері адам пікірін білдіруде тіл мәдениетін арттырып шеберлікке үйрететін сөз өнерінің бір түрі. Тұрақты сөз тіркестерінің жасалуына түрлі құбылыстар, ұғымдар себеп болған. Тұрақты сөз тіркестерінің мағынасы түп-төркініне келгенде лексикалық мағына мен өзектесіп жатады. Бұлар әсерлілік бейнелілік экспрессивті эмоциялық қасиеті менен ерекшеленеді.

Сонымен бірге кіріспеде тюрколог зерттеушілерден В.Виноградов, Ш.Рахматуллаев, К.Бабаев, Г.Ақатов т.б., ал қазақ зерттеушілерінен І.Кеңесбаев, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиевтің, ал қазіргі таңдағы зерттеушілерден Р.Абаков, С.Жалақов, Б.Ақбердиева т.б. зерттеулеріне тоқталдық.

Жұмысымның бірінші тарауында тіліміздегі тұрақты сөз тіркестердің үш түрінің Абай жолындағы қолданылуына мысалдар негізінде анализ жасалды. Бұнда тұрақты сөз тіркестерінің еркін сөз тіркестерінен өзгешеліктері критериялар негізінде көрсетілді.

Романда фразеологизмнің үш түрі де көп кездеседі әсіресе фразеологиялық бірліктердің қолдану аясы өте кең.

Жұмысымның екінші тарауында ұйытқы сөздер мен сандық фразеологизмдердің берілуіне мысалдар, фразеологизмдерді қолдануда стилистикалық тәсілдерге анализ жасады.

Ұйытқы фраземалардан бас, көз, тіл, жүрек т.б. сөздердің ұйытқылық қызмет атқаруына романнан алынған мысалдар негізінде талдау жасалды.

Сандық фразеологизмдер белгілі бір нәрсе құбылыстардың ұғымдық символ ретінде қарастырады. Сонымен бірге олар мифологиялық, астрологиялық ұғымдардан да дерек береді. Сандық фразеологизмдердің ішінде бір, жеті, үш, қырық, жүз сандарына байланысты фразеологизмдерге мысалдар негізінде анализ жасады.

Романда ұйытқы фразеологизмдердің қолданылу аясы кең болып, ал сандық фразеологизмдер өте көп кездеспейді.

Тұрақты сөз тіркестері тілімізге өткірлі сипат ұлттық ажар беретін стильдік мәні айрықша құрал. Тұрақты сөз тіркестері Абай жолында экспрессивті стильдік сипатта қолданған әсіресе бұндай мәнерлік қасиет фразеологиялық синонимдерді қолдануда айрықша сезіледі. Тұрақты сөз тіркестері мақал-мәтелдік сипаттарда берілген.

Бұрыннан белгілі тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерінің мақал-мәтелдік, синонимдік сипаттарда берілуіне мысалдар негізінде анализ жасалды. Тұрақты сөз тіркестерінің түрлі өзгерістерге ұшырап, стильдік сапасын артқанын сипаттайтын мысалдар Абай жолынан алынған мысалдар негізінде берілді. Бұрыннан белгілі көптеген тұрақты сөз тіркестерінің түрлі өзгеріске ұшырап, стильдік сапасының артқанын сипаттайтын мысалдар жоғарыда келтірілді.

Қорытынды да жұмыста көрсетілген зерттеулердің бәріне анализ жасалды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каримов И.А. Туркистон умумий уйимиз. Тошкент 1995.
2. Әуезов М. Абай жолы. I-II том. Алматы, 2007.
3. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы, 1967.
4. Әуезов М. Абайдың өмірбаяны. Абай Құнанбаев шығармалары. А. 1957.
5. Абай. Сайланды қосықтары, поэмалары, қара сөзлері. Н. 1990
6. Абакова Р. Фразеологиялық семантика. Алматы, 2002.
7. Ақбердиева Балкенже Қондыбайқызы. Лексика – фразеологиялық жүйедегі мифтік – танымдық құрылымдар (қазақ тілі материалы бойынша) кандидат д 10.02.02. Тіл білімі институты 2000.
8. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 2004.
9. Балақаев М. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1993.
10. Байтелиева Жанар Дәрібекқызы. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі. кандидат д. 10.02.02. 2007.
11. Бизақов С. Варианттылық және әдеби норма. Алматы, 2010.
12. Бизақов С. Қазақ тілі қандай тіл. Алматы, 2010.
13. Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. –Алматы, 1976
14. Болғанбаев Ә. Қалиев Ғ. Қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1997.
15. Дүсіпбаева Қ. Қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көріністері. Алматы, 2001.
16. Ердембеков Б. Абайдың әдеби ортасы және ақындық мектебі. Алматы, 2008.
17. Ешбаев Ж. Қарақалпақ тілінің қысқаша фразеологиялық сөзлігі. Қарақалпақстан, 1985.
18. Жалақов Серік Игілікұлы. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері. канд.дис. 10.02.02. 2003.

19. Жанұзақов Т. Қазақ есімдері. Алматы, 1988.
20. Кәрібаева. А. Көркем шығарманың тілі. Тараз, 2009.
21. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977;
2007
22. Қарақалпақ тілі фразеологиясының актуаль мәселелері. Нөкіс, 2011.
23. Құнанбаев Абай. Аудармалар мен қара сөздер. Алматы.
24. Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы. 1986.
25. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. –Алматы. Мектеп, 1988.
26. Рысбаева Г. Сан есімдерге байланысты культтік фразеологизмдер. Алматы 2000.
27. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. Алматы, 1970.
28. Хожақметова Қ. Фразеологизмнің көркем әдебиетте қолданылуы. Алматы, 1972.
29. [www. Ziyonet. Uz](http://www.Ziyonet.Uz)
30. dpu-INTERNET. Ped

МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы.....	4-5
Кіріспе.....	6-13

I ТАРАУ

1. Абай жолы романында фразеологизм түрлерінің қолданылуы	14-32
---	-------

II-ТАРАУ

2. Абай жолы романында ұйытқы және сандық фразеологизмдерді қолданудағы стилистикалық тәсілдер.....	33-48
--	-------

Қорытынды.....	49-53
----------------	-------

Пайдаланған әдебиеттер.....	54-55
-----------------------------	-------